

**КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМЕНИ БАРИМБЕКА БЕЙСЕНОВА**

ӘОЖ 343.2/.7; 343.9

Қолжазба құқығында

Карабалин Қуаныш Серікұлы

**Діни экстремизмнің пайда болуына қарсы әрекет ету аясында діни
бірлестіктермен ішкі істер органдарының өзара әрекетің ұйымдастыру**

«Құқық қорғау қызметі» магистрі академиялық
дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми консультант

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2020

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	9
1.1 Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимылды ұйымдастырудың негізі ретінде- діни экстремизмге байланысты қылмыстылық ұғымы және оның көрсеткіштері	9
1.2 Діни экстремизмнің себептері және діни экстремистің тұлғалық ерекшеліктері	20
1.3 Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды жалпы ескерту	
2 ПО-НЫҢ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1. Ішкі істер органдары мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимыл ұғымы мен мазмұны	Ошибка! Закладка не определена.
2.2. ПО-ның діни бірлестіктермен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылының ұйымдастыру-құқықтық қағидаттары	
2.3. Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында ПО-ның діни бірлестіктермен өзара іс-қимылының түрлері мен нысандары.....	Ош ибка! Закладка не определена.
ҚОРЫТЫНДЫ.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	89
ҚОСЫМШАЛАР	102

БЕЛГІЛЕУ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АКО	–	Ақпараттық-кеңесшілік орталық
АҚШ	–	Америка Құрама Штаты
АНТ	–	Ақпараттық насихат топтары
АТҚК	–	Аймақтық терроризмге қарсы құрылым
БҚО	–	Батыс Қазақстан облысы
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГФР	–	Германия Федеративті Республикасы
ЕЫҚҰ	–	Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы
ЕЭҚММ	–	Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер
ЖПҚ	–	Жергілікті полиция қызметі
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
КО	–	Кедендік одақ
КСРО	–	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚАЖ	–	Қылмыстық-атқару жүйесі
ҚК	–	Қылмыстық кодекс
ҚХА	–	Қазақстан халқы ассамблеясы
ҚХР	–	Қытай Халық Республикасы
ОҚО	–	Оңтүстік Қазақстан облысы
СҚО	–	Солтүстік Қазақстан облысы
СҰАА	–	Синьцзян-ұйғыр автономды ауданы
ТМД	–	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰҚК	–	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҮЕҰ	–	Үкіметтік емес ұйымдар
ЧР	–	Чех Республикасы
ШҚО	–	Шығыс Қазақстан облысы
ШЫҰ	–	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ПД	–	Полиция департаменті
ІМ	–	Ішкі істер министрлігі
ІО	–	Ішкі істер органдары

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі таңда көптеген мемлекеттерге қауіп төндіріп тұрған қауіпті, әрі болжамдалуы қиын құбылыстардың бірі – экстремизм мен терроризм мәселелері болып табылады.

Осыдан шамамен он жыл бұрын бұл құбылыс біздің елімізде емес, алыстағы шет мемлекеттерде болып жатқан жағымсыз үдеріс болып көрінетін.

2011-2012 жылдар аралығында Атырау, Ақтөбе, Тараз қалаларында болған террористік оқиғалар біз үшін де бұл мәселелердің өзектілігін айқындап берді. Уақыт өте келе қорқыныш сезім әлсірегенмен, 2016 жылдың жаз айларында болған оқиғалар қоғамымызды тағы есеңгіретті. Ақтөбе мен Алматы қалаларында болған терактілер әлі жан-жақты сараптамалық баға алмағанымен, бұл жағдай қоғамның әр мүшесінің осы құбылыс алдында қорғансыз екенін айғақтады.

"Терроризмнің жаһандық индексінің" деректеріне сүйенер болсақ, 2018 жылы лаңкестікке байланысты өлім-жітімдердің жалпы саны 2017 жылмен салыстырғанда 15 пайызға қысқарды және 15952 қайтыс болды. 2018 жылы Ауғанстандағы лаңкестердің қолынан қаза болғандар (7379 адам). Оның артында Нигерия (2040), Ирак (1054) және Сирия (662) бар. Еуропада лаңкестердің құрбандары 62 адам болды. Терроризм әлемде кең таралған құбылыс болып қала береді. Өткен жылы 71 елде кем дегенде 1 адам лаңкестіктен зардап шекті. Бұл соңғы 20 жылдағы екінші үлкен антирекорд.

Терроризмге қарсы комитет Республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Аманжол Уразбаев өз сұхбатында белгілеп өткендей, соңғы 7 жыл ішінде Қазақстан Республикасы аумағында 14 теракт жасалып 90 адам қайтыс болған. 2016 жылғы екі айдың ішінде Ақтөбе мен Алматы қалаларында болған терактілерден 37 адам қаза тапқан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер бойынша 2018-2019 жылдар аралығында экстремистік және террористік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапқа тартылып, жазасын өтеуге сотталғандар саны 1000-ға жуық [1].

Терроризм актісі түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық адамның өмірі мен денсаулығына қол сұғушылық жасап, мемлекет қауіпсіздігі мен конституциялық тұтастығына қауіп төндіреді, елдегі саяси ахуалдың өзгеріп, қоғамдағы тұрақтылықтың бұзылуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты жасалған терроризм актісіне қарсы тұрудың мемлекеттік құқықтық құралдары пайда бола бастайды. Олардың басты мақсаты – мемлекет тарапынан қылмыскерлерге қатысты шара қолдану, терроризм актісінен жапа шеккендер мен жалпы халықтың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік кепілдіктер жүйесін құру болып табылады.

Дегенмен, мемлекет тарапынан ұйымдастырылған діни экстремизмнің алдын алу шараларының ауқымдылығына қарамастан діни экстремизммен күресу саясатының әлсіз тұсы – қоғам мүшелерінің радикализациялану

мәселесін ғылыми тұрғыдан аз зерттелуі болып отыр. Бұл мәселені Рүстемова Гаухар Рүстембекқызы, Әбдіров Нұрлан Мәжитұлы, Дәрменов Ақынғали Даутбайұлы, Райбаев Дәулет Құмарбекұлы және тағы да басқа отандық ғалымдар өз еңбектерінде көтерген болатын.

Қазақстан Республикасы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы осал тұстардың бір ретінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмыста ғылыми-әдістемелік қолдаудың жетімсіздігі айтылған болатын. Елімізде осы қауіппен күресу мақсатында мемлекет билігі аз уақыт ішінде қомақты әкімшілік, қаржылық және ақпараттық ресурстарды жұмылдыруы бұл мәселенің кезек күттірмес көкейтестілігін айғақтайды. Мәселен, «Қазақстан Республикасының діни экстремизм және терроризмге қарсы іс – қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін бюджеттен 280 млрд-тан астам тенге жұмсау көзделген болатын[2].

Экстремизмнің кез келген көріністеріне қарсы іс-қимылдың маңызды қағидаттарының бірі мемлекеттің тек қоғамдық және діни бірлестіктермен ғана емес, сондай-ақ өзге де ұйымдармен және азаматтармен ынтымақтастығы болып табылады. Алайда, Ішкі істер органдарының аталған саладағы діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл тетігінің жеткіліксіз әзірленуі осы қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты ПО мен діни бірлестіктердің діни экстремизмнің түрлі көріністеріне қарсы іс-қимыл мәселелерінде өзара іс-қимылы ерекше ұйымдастыру-құқықтық саясат пен нормативтік бекітуді талап етеді. Мұндай өзара іс-қимыл жария-құқықтық сипатта болуға Қазақстан Республикасының Конституциясына, тиісті заңдарға, сондай-ақ ынтымақтастық пен өзара көмек туралы халық-аралық шарттар мен келісімдерге негізделуге тиіс.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі діни экстремизм көріністеріне қарсы тұру саласында ПО-ның Діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау тетігінің ғылыми негізделген тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру қажеттілігінен туындады.

Сондықтан зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды деп пайымдаймыз.

Проблеманың ғылыми зерттелу дәрежесі.

Ғылым үшін Қ.Н.Бурханов, Е.Т.Карин, Д.А. Сәтпаев, Г. Джемаль, Ж.А. Шалабаев, Н.В. Жданов, А.А. Игнатенко, А.В. Кудрявцев, А.В. Малашенко, Б.К. Мартыненко, С. Оганесян, Р. Полонская, В. Пономарев, Н.А. Романов, Т.Р. Сюкияйнен, М.П. Телякавов, И.Н. Яблоков сияқты дінтанушы, саясаттанушы, әлеуметтанушы, философтардың еңбектері өте құнды болып саналады. Бұл ғалымдардың жұмыстарын діни экстремизмді кешенді зерделеу кезінде қолдануға болғанымен, бұл еңбектердің мазмұнында қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілер қарастырылмаған. Экстремизм мәселесін қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерде зерттеген ғалымдар: А.Д. Дәрменов, Д.Қ. Райбаев, М.С. Ашимбаев, Б. Бабаджанов, У. Ботобеков, С. Жусупов, О. Молдалиев, К. Мухаббатов, Н.М. Омаров, А. Князев,

Ш. Рискулов, Ю.И. Авдеев, А.И. Алексеев, Ю.М. Антонян, Л.Д. Башкатов, Т.А. Бажан, К.К. Демиров, С.В. Дьяков, Л.Д. Залиханова, М.П. Киреев, Н.В. Кривельская, С.М. Кочои, В.В. Пилявец, У.Т. Сайгитов, О.В. Старков, Н.В. Степанов, В.Н. Фадеев, М.С. Фокин, С.Н. Фридинский, В.А. Бурковская және тағы басқалар.

Зерттеудің мақсаты. Діни экстремизмге байланысты қылмыстар ұғымын аша отырып, оның алдын алу жолдарын құқықтық жетілдіру болып табылады. Ішкі істер органдарының діни бірлестіктермен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылын ұйымдастырудың мазмұны мен мәселелерін ашып көрсету, осы өзара іс-қимылды ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар енгізу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

- экстремизм ұғымының бар көзқарастарын, оның формалары мен түрлерін талдау;

- Діни экстремизмнің табиғатын әлеуметтік қауіпті құбылыс ретінде зерттеу, "діни экстремизм" ұғымын қалыптастыру және оның мәнін анықтау;

- қаралып отырған проблемалардың түрлі аспектілерін реттейтін қолданыстағы заңнаманы қорыту және талдау;

- діни экстремизмге қарсы іс-қимыл және конфессиялық қақтығыстарды шешу саласында ПО-ның Діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жағдайына ғалымдардың көзқарастарын қарастыру;

- ПО-ның Діни бірлестіктермен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылының түсінігі мен мазмұны туралы негізгі теориялық ережелерді қалыптастыру;

- діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында ПО-ның Діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасы аумағында діни экстремизмнің пайда болуына, тарауына ықпал етуші және оны ескертуге байланысты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні Қазақстан Республикасы аумағында діни экстремизмге қарсы тұру шараларының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық жиынтығы мен қарсы тұрудың басқа да құқықтық және профилактикалық сипаттағы құралдары болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік-құқықтық процестер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, формальды-заңдық талдаудың жалпы ғылыми және жеке әдістері құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық қоры ретінде мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары, прокуратура және өзге де құқық қорғау органдары қызметінің материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жариялымдар мазмұны мониторингінің

мәліметтері, ішкі істер органдары қызметкерлері мен азаматтарға сұрау жүргізуді зерделеу мен жалпылау қортындылары пайдаланылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ең алдымен қорғауға шығарылатын негізгі ұсыныстар мазмұнымен белгіленеді. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында діни экстремизмге байланысты қылмыстылықтың алдын алудың құқықтық негіздері жан-жақты қарастырыла отырып, бұл бағыттағы ПО-ның жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етуші құқықтық құралдар ұсынылады.

Зерттеудің теориялық мәні маңызды әлеуметтік-құқықтық проблеманы кешенді түрде шешумен белгіленіп, зерттеу материалдары қылмыстық құқық және криминологияны жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық мәні зерттеу материалдары бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды діни экстремизмнің алдын алу бойынша ішкі істер органдарының қызметін жетілдіруде, сондай-ақ қылмыстық құқықты, қылмыстық-атқару құқығын, криминологияны оқытуда пайдаланылуымен белгіленеді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу диссертацияның негізгі теориялық және практикалық мәні бар нәтижелері автордың халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында шыққан 4 мақаласында көрініс тауып, жеке құрамына жауынгерлік–қызметтік даярлық сабақтарында қолданылады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қоғамдық ұйымдардың, өзге де бірлестіктердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың діни, нәсілдік, жыныстық және өзге де әлеуметтік араздықты туғызу себептері бойынша, сондай-ақ осындай әрекеттер жасауға шақырудағы құқыққа қарсы әрекеттерінен көрінетін радикалдық идеологияны іске асырудың соңғы нысанын түсіну қажет болатын экстремизмнің авторлық анықтамасы: «Діни экстремизм – діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір діни ұйым негізінде құрылған діни көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде таңу әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс–әрекеттер».

2. ПО мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының негізгі бағыттары талданып, анықталды:

- экстремистік бағыттағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтау, жолын кесу, алдын алу және алдын алу;
- экстремистік әрекетті ашу және тергеу;
- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
- экстремизм идеяларын таратуға қарсы әрекет;
- конфессиялық қақтығыстарды шешу.

Діни экстремизм көріністеріне қарсы іс-қимыл саласында ПО-ның Діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді, ұйымдастыруды және жүзеге асыруды регламенттейтін нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар -

3.1 Экстремистік қылмыстардың қазіргі тізімінде экстремистік негіз бойынша жасалатын қылмыстық жазаланушы әрекеттердің бір қатары есепке алынбайды. Осыған байланысты зерттеу жұмысының авторы ҚК 183-бабымен қарастырылатын қылмыстық теріс қылықты да қылмыстық заңнаманың

экстремистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тізіміне енгізуді ұсынады.

4. Экстремистік, оның ішінде діни экстремистік қылмыстарды сипаттаушы белгілерді біріздендіру (унификациялау) бойынша талдау жұмысы Қазақстанда да жүргізілуге тиіс және мұндай ресми түсіндірме жұмыстары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының актілерінде көрініс табуы қажет.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымдық жүйесі зерттеу жұмысының көздеген мақсаты мен міндетіне қарай анықталды. Диссертация кіріспеден, 2 тараудан, алты бөлімшеден, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Діни экстремизмге байланысты қылмыстылық ұғымы және оның көрсеткіштері

Діни экстремизм тіркесі «дін» және «экстремизм» деген дербес екі сөздің бірігуі арқылы күрделі бір ұғымды беруші әлеуметтік-құқықтық түсінік. Сондықтан діни экстремизм ұғымы мазмұнын ашу үшін алдымен «экстремизм» ұғымына тоқталып, оның мәнін ашып, түсінік беру қажет.

Жалпы «экстремизм» сөзінің қазақ лексикологиясы үшін шыққан тегі жат, кірме сөз болғандықтан, оны түсіну мақсатында орыс тілді сөздіктер көмегіне жүгінеміз. Шетелдік сөздер сөздігінде біріншіден, «экстремизм» атауы – латынның «extremus», яғни «шеткі» – шеткі көзқарастар мен шараларды ұстанушы (мысалы саясатта); екіншіден, алыс болашақта ізгі және игілікті мақсаттарға қол жеткізумен ақталатын зорлық пен террордың, адамдыққа жатпайтын саясаттың «төтенше шаралары» деп түсіндірілген [24, с.764]. Бірінші рет «экстремизм» терминін ғылыми қолданымға ХХ ғасырдың басында француз заңгері М. Лерой енгізген [25, с.212].

Кез келген әлеуметтік құбылысты зерттеу үшін оны ерекше етуші, сол құбылысқа ғана тән қасиеттерді белгілеп, оны өзге ұқсас құбылыстармен салыстыру арқылы құрылымын анықтау қажет. Сондықтан, экстремизм туралы сөз қозғағанда біз оның мазмұнын ашпас бұрын оның радикализм сияқты жиі кездесетін, әрі кейбір жағдайда синоним сөздер ретінде қолданылып та жүретін ұғымнан айырмашылығын ажыратып алсақ дейміз. Қазақстан Республикасызерттеушісі Д. Ольшанский радикализмді (латын тілінен аударғанда «radix» – тамыр) қоғамда бар «әлеуметтік және саяси институттарды түпкілікті және қайтарымсыз (радикализмді түп тамырымен) өзгертуге бағытталған әлеуметтік-саяси идеялар мен әрекеттер» [26, с.216], – деп анықтайды.

Профессор Н.М. Әбдіров фундаментализм, экстремизм, терроризм сияқты дефиницияларды қарастырып, «фундаментализм мен экстремизм өзара тығыз байланысты деп есептейді. Екіншісі біріншісінің салдары мен дамуы. Діни фундаментализм өзінің шеткі нысандарында экстремизм түрінде көрініс табады. Бұл мағынада діни экстремизм – діни фундаменталистік көзқарастарға сәйкес әлемді басқаша құруға тырысу, шеткі көзқарастар мен шараларды ұстану. Экстремизм, өз кезегінде, терроризмнің пайда болуының соңғы баспалдағы болып табылады» [27, с.10]. Д. Ольшанский олардың ара жігін: «Радикализм, экстремизмге қарағанда түрлі идеялардың мазмұндық жақтарына өте үлкен көңіл бөледі және екінші орынға бұл идеяларды іске асыру тәсілін мұқият талқылайды, радикализм тек қана «идеялық», бірақ әрекетсіз бола алады, ал экстремизм әрқашанда әрекетті болады және әрдайым «идеялық» бола бермейді» [26, с. 216], – деп ашады. Сөйтіп, бұл екі сөздің синоним сөздер емес, әртүрлі семантикалық дефинициялар екендігіне көз жеткіземіз. Яғни, айтып жүргендей «...исламдық радикализм исламистік экстремизмді туындатып, ал ол феномен өз кезегінде терроризмнің пайда болуына әкеледі» [28, с.118].

Терроризм жайлы сөз қозғаған соң оның экстремизмнен айырмашылығына да тоқталмай кете алмаймыз. С.К. Абсаметов: «...терроризм, ең алдымен, толық экстремизмге негізделеді, оған саяси, діни және ішінара криминалды экстремизм жатады. Көрсетілген құрамдас бөліктер атқару сипаты бойынша өзара байланысты, түпкі мақсатына жетуде бірін-бірі толықтырып тұрады» [29, с.123] деген. А.Ж. Шпекбаевтың пікірі де осы көзқарасқа ұқсас: «Экстремистік теориялар алға қойылған идеяларға қол жеткізудің кез келген құралын ақтайды және терроризм көбіне экстремистік идеологияға негізделеді, терроризм мен экстремизм бір-бірінің өмір сүре алмайды» [30, с.29]. Ал экстремизм мен терроризм арасындағы айырмашылықтарды неғұрлым нақты анықтаған Қазақстан Республикасы маманы Г. Мирскийдің: «Экстремизм және терроризм өте тығыз және өте жақын құбылыстар, бірақ олардың арасында автоматты байланыс жоқ: егер әрбір террористің экстремист екені белгілі болса, онда әрбір экстремистің террорист екені қате пікір» [31, с.68] деген нақты, әрі дәл тұжырымдамасы екеуінің ара-жігін ашып бергендей.

Сонымен, ғалымдардың жоғарыда айтылған пікірлерін есепке ала отырып, терроризмді экстремизмнің шеткі көрінісі ретінде қарастырамыз.

Экстремизм ұғымына келер болсақ, оны зерделеу барысында бұл ұғымға ғылымның алуан түрлі саласынан, осы түсініктің өздеріне қызығушылық туғызушы қырынан қарастырылғандығына және оған әртүрлі анықтама берілгендігіне көз жеткіземіз. З. Арухов: «экстремизм – жеке тұлғалар немесе топтар тарапынан мемлекеттің қоғамдық нормалары мен ережелерін түбегейлі жоққа шығару» [32, с.5], – десе, А.Х. Имомов оған мазмұны жағынан өзгешелеу анықтама береді: «Экстремизм өздігінен қылмыс емес, оның жеке тұлға, қоғам мен мемлекетке қауіп төндіру түрінде көрініс тапқан қоғамдық қауіпті әрекеттері мен оның салдары қылмыс болып табылады» [33, с.48],– дегенді айтады. Ал қырғыз сарапшысы М. Койчукулов: «Экстремизмнің туындау табиғаты түрлі идеяларға қарсылық: саяси режимге, әлеуметтік теңсіздікке, белгілі әлеуметтік топтардың, этникалық, ұлттық және конфессионалдық одақтардың қоғамдағы орнына қанағаттанбаушылық» [34, с.10],– дейді. Біздің пайымдауымыз бойынша, бұл пікірлердің барлығы бір-біріне қарама-қайшы емес, керсінше бірін-бірі толықтырып, экстремизмнің кең мазмұндылығын белгілеуші ұғымдар деп есептейміз. Енді экстремизм түсінігінің заң жүзінде анықталуына келер болсақ, Шанхайда 2001 жылғы 15 маусымда жасалған терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясында экстремизмге: «экстремизм» – билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен парпар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған және тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті білдіреді [35],– деген түсінік берілген. Бұл анықтама мазмұнынан заңды әзірлеушілердің экстремизм көрінісі болып табылатын қылмыс құрамдарын барынша кеңінен қамтуға тырысқандығын байқауға болады. Сондай-ақ, экстремизм ұғымы туралы түсінік Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында нақты, әрі терең

берілген, яғни: заңның 1-бабында: «...экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды: Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді); нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді); діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» [36],– деп белгіленген.

Сөйтіп, экстремизм ұғымының әлеуметтік құқықтық табиғатын ашып, қоғам үшін қауіптілік дәрежесін белгілеп алған соң, бәрімізге етене жақын «дін» сөзінің мазмұнына тоқталсақ: «Дін – әлеуметтік институт ретінде адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан рухани құбылыс деп білеміз» [37].

Отандық дінтанушылардың пікірлері бойынша: «Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты адамның рухани жетілуі ...» [38, б.11],– десе, келесі бір автор: «Діни дүниетаныммен сусындаған ұлттық мәдениет адамға «моральдық негіз беретін» өзінің тегіне, ата-баба өсиетіне, әкелеріне, халқы мен Отанына қатысы барын сездіретін білім» [39, с.11], –деп тұжырымдайды. Дінге қатысты берілген бұл анықтамалар жалпы шынайы дінде экстремизм болмайтындығын анықтап, оның рухани өмірдегі аса маңызды орны белгіленеді. Сондықтан өз сенімін заңға сыйымды әрекеттер арқылы қорғау және оған қолдау жасау көптеген конфессиялардың негізгі доктриналарының бірі деп пайымдаймыз.

Қоғамдық өмірге талдау жасаумен айналысатын «Pew» ағылшын зерттеу орталығының мәліметтері бойынша жер шарының 84% халқы (6 млрд. артық адам) өздерін құдайға сенушілер қатарына жатқызады. Олардың: 2,2 млрд. (31,5%) – христиандар (іштей бұл топтың 50% католиктер, 37% протестанттар, 12% православтарды құрайды), 1,6 млрд. (23%) – мұсылман (іштей бұл топтың 87% – сүннеттер және 13% – шейіттер), 1,1 млрд. (16%) – «белгісіз» діни наным-сенімдегілер құрайды, 900 млн. (15%) – индуистар, 450 млн. (7%) – буддистер, 405 млн. (6%) – «халық діндерін» таратады (африк тайпаларының наным-сенімдері және т.б.) 58 млн. (1%) – басқа діндер (даосизм, джайнизм және т.б.), 14 млн (0,2%) – иудаизм [40]. Бұл мәліметтер жер шары тұрғындарының діни өмірлерінің

алуан түрлі екендігін және кейбір діндердің ішінде діни ағымдардың барлығын көрсетеді.

Қазақстан үшін өзге Орта Азия мемлекеттері сияқты діни экстремизмнің исламистік нысаны өте қауіпті болып табылады. Себебі, «Статистика мәліметтері көрсеткендей, Қазақстандағы ең көп діни қауымдастық Исламмен ұсынылған. Қазақстандағы мұсылмандар – 12 млн. адам, мұсылмандықты тәжірибеде қолданатын мұсылмандар 120 мың, жалпы мұсылмандар санының 1% (оның ішінде 96 мың адам (80%) дәстүрлі ислам дінінің өкілдері және 24 мың (20%) деструктивті ағым өкілдері» [41, с.125]. Сөйтіп, 18 млн. жуық халқы бар Қазақстанның 24 мың адамы деструктивті ағым өкілдеріне жатқызылған.

Дінтанушы Р.М. Сыздықовтың пікірі бойынша: Ислам мен исламизм бұлар әртүрлі құбылыстар, олардың бірі – дін, екіншісі – экстремистік, радикалды мәндегі таза саяси жоба. Исламизм – топ, ағым, ұйым, сектаның ішкі қоғам мен мемлекеттегі кез келген қайшылықтарды, сонымен қатар мұсылман халқы қатысушы мемлекет аралық қатынастарды исламистер тарапынан шарифат нормалары негізінде шешуге бағытталған діни-саяси идеологиясы. Исламистердің демократия мен зайырлыққа қарсы шеткі бағыттылығы жыныс теңдігі, ар-ұят бостандығы, жалпы сауаттылық пен тағы да басқаларды жоққа шығаруға әкелетін, мұсылмандық ортағасырлықты жандандыруға деген реакциялық утопиялық талпыныс [41, с.19]. Осы жерде профессор Х. Актанның: «...экстремизмді исламмен байланыстырудың басты себебі қазір террористік ұйымдарда мұсылмандардың көп болуында. Олар зорлықшылдық акцияларына қатысып, кейбір ислам ережелерімен, әсіресе «жиһад» ұғымымен жасырынады. Экстремистердің өз-өздерін тыныштандыру және екінші жағынан қоғам көңілін жаулап алу үшін кез келген жағдайға, оның ішінде дінге жүгінуге әзір екендіктері анық» [42, с.77],–деп берген бағасы орынды. Сондықтан әлем бойынша исламистік діни экстремизмнің ел назарындағы өзектілігін және еліміздегі діни экстремизмге байланысты ахуалды есепке ала отырып, зерттеу жұмысында исламистік діни экстремизмді қарастыруға айрықша көңіл бөлінеді.

Зерттеу мақсатына сәйкес діни экстремизм дифинициясының мәнін ашпас бұрын осы ұғыммен қатарлас пайдаланылып жүретін діни фанатизм сөзіне тоқталып, оның біз қарастырып отырған ұғыммен ара қатынасын белгілеп алғымыз келеді. Фанатизм (лат. «fanaticus» – құрбандық) – индивидтің белгілі бір сенімдерге деген, басқа ешқандай баламаны қабылдамайтындай болып қалтқысыз берілгендігі; бұл оның іс-әрекетінде және басқалармен қарым-қатынасында айқын көрінеді. Фанатизм сол жолда құрбан болуға дайындықпен астасады; идеяға берілгендік басқа пікірдегілерге төзбеушілікпен қараумен, ортақ мақсатқа жетуге кедергі болатын әдеп нормативтерін елемеушілікпен ұштасады [43] деген түсінік бар. Осы мәселеге қатысты С. Пролетникова: «Біздің пікіріміз бойынша фанатизм діндарлықтың бұрмаланған, деструктивті нысаны. Ол адамның рухани ішкі әлеміне енудің орнына, сыртына таралады, мақсаты – адамның ішкі жан дүниесін емес, сыртқы әлемді өзгерту. Өз мәні бойынша фанатизм да, экстремизм де әлеумет мүшелерінің сыртқы әлеуметтік қоздырғыш болып табылатын жағдайларға әсер етуінің түрлі тәсілдері болып табылады. Сондай-ақ, олар бірінен екіншісіне айналады немесе бір-бірімен қосылып кете алады» [44, с.78],– деп,

екеуін мағыналас, семантикалық тұрғыдан синоним тіркестер ретінде қарастырады.

Енді діни экстремизм ұғымына келер болсақ, оған берілген анықтамалар әртүрлі. Бұл ең алдымен, зерттеушілердің осындай күрделі, әрі көп қырлы құбылысты өзіне қызықты жағынан ғана ашуға тырысулары сияқты субъективті сипатпен байланысты болар деп ойлаймыз.

Қазақстандық зерттеушілер экстремизм феноменін қазақстандық жағдайда зерттеудің бастапқы кезеңдерінде оның саяси құрамдастығы жайлы айтқан. Бұл қазақстандықтардың өзіне тән діндарлық ерекшеліктерімен, қазақстандық қоғамның тарихи даму кезеңдерімен, мемлекеттің егемендігінің қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты [45, с.28; 46, с.65-69]. Сондықтан діни экстремизмді саясатпен байланыстыру қазақстандық қоғамға тән құбылыс.

Ш.М. Жандосова: «Діни экстремизм дегеніміз – қоғам мен саяси әлеуметтік құрылым санасын түбегейлі өзгерту мақсатында, толерантты емес ой-пікір қалыптастыруға бағытталған феноменологиялық көрініс» [16, б.7],– деп, діни экстремизмді тікелей саяси мазмұнмен байланыстырса, А.Д. Дәрменов: «Діни экстремизм азаматтардың қауіпсіздігіне, өмірі мен денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіруші діни алауыздықты қоздыруға бағытталған әрекеттер жасау түрінде көрініс тапқан дінге қатысты радикалды көзқарастарды ұстану» [47, с.257],–деген баға береді. Ал, В.И. Василенко: «Діни экстремизм діни-құқықтық нормалар мен дін үйретуші догмалардан туындайтын қоғамның даму үдерісіне әсер етуге тырысатын әлеуметтік-саяси қозғалыс. Діни экстремизмнің идеологиялық зорлық жасаудың өзге нысандарынан айырмашылығы жоқ және ол өзге конфессия өкілдеріне төзімсіздік көрсету немесе бір конфессия ішінде күрес жүргізу түрінде көрініс табады» [48, с.117], – деген пікір білдіреді. Л.П. Сюкияйнен діни экстремизмді екі мағынада түсіну қажеттігін айтады: Бір жағынан, ол саяси экстремизм нысаны ретінде түсіндіріліп, саяси мақсаттарға қол жеткізу тікелей экстремистік қызмет, діни дәлелдемелермен жүзеге асырылса, екінші жағынан діни экстремизм деп нысаны емес, мазмұны бойынша өзге дін ұстанушыларына немесе белгілі бір діни сенімді бөліспеушілерге қарсы бағытталған зорлықшыл әрекеттер екендігіне тоқталады [49, с.22]. Әрине, қазір «геосаяси мақсаттарды жүзеге асыруда діни факторлардың пайдаланылатындығы жаңалық емес, ол бұрыннан бар және көптеген ғасырлар бойы белсенді түрде қолданылып келеді» [28, с.120]. Біздің республикамыздың жері бай, әрі кең болуы өзге мемлекеттер назарын аударса, халқының көп конфессиялы болуы – геосаяси мақсаттарды оңтайлы жүзеге асыруға тиімді фактор. Сондықтан «...кейбір мемлекеттердің жергілікті үкіметті әлсіретіп, өз идеологиялық әсерін орнату үшін аймақтағы ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыруға мүдделілігі» [50, с.17] саясаткерлердің діни экстремистік идеологияны өз мақсаттарына қол жеткізу құралы ретінде пайдалануларына әкелуде.

Ал, В.А. Бурковская діни экстремизм ұғымын ашуда оған саяси астар бермейді, оның пікірі бойынша діни экстремизм ретінде өзара байланысты төрт нысаннан тұратын әлеуметтік құбылысты түсінеміз: 1) діни сана-сезім; 2) діни идеология (доктрина); 3) жалғыз шынайы деп жарияланған діни доктринаны

жүзеге асыру әрекеттері; 4) діни доктринаны, жеке алғанда діни экстремистік ұйымдарды (тоталитарлық секталар) жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары [51, с.22-23]. Бұл анықтамадан діни экстремизмнің пайда болуы мен дамуының негізгі белгісі – оның мақсаты екендігін байқауға болады.

Біз мына автордың діни-саяси экстремизмге қатысты анықтамасы сәтті шыққан деп есептейміз: «Діни-саяси экстремизм – бұл мемлекеттік құрылымды зорлықпен өзгертуге немесе билікті зорлықпен басып алуға егемендік пен мемлекеттің аумақтық бүтіндігін бұзуға, заңсыз қарулы құрылымдар құруға, діни немесе ұлттық дұшпандық пен жеккөрушілікті қоздыруға бағытталған діни уәжделген немесе дінмен бүркенушілік әрекет [34, с.84]. Бұл дефиниция авторы діни және діни-саяси экстремизмді нақты шектегендіктен зерттеу пәнімізді нақтылау үшін оны пайдалануды жөн көреміз. Біріншіден, діни-саяси экстремизм мемлекеттік құрылымды зорлықпен өзгертуге немесе билікті зорлықпен басып алуға егемендік пен мемлекеттің аумақтық бүтіндігін бұзу әрекетін білдірсе, діни экстремизм «таза» күйінде ондай мақсаттарды көздемейді. Екіншіден, діни-саяси экстремизм діни идеологиямен бүркемеленеді. Үшіншіден, діни-саяси экстремизм әр уақытта өз мақсаттарына күш қолдану арқылы жетуді көздейді.

Дегенмен, қазіргі таңда діннің мән-мағынасы емес, оның саяси және әлеуметтік көрінісі сұранысқа ие. Діннің айтарлықтай саясаттануы орын алды, енді осы саясаттандырылған дін әлемдік, аймақтық және мемлекеттік деңгейдегі саясатқа тартылуда [52, с.57]. Сөйтіп, біз діни экстремизмге саяси элементтердің тән екендігін жоққа шығара алмаймыз, себебі адами өркениеттің даму тарихы көрсетіп отырғандай, экстремистік және террористік әрекеттердің пайда болуының діни алғышарты мемлекеттілік пайда бола бастаған кезден қалыптаса бастаған. Сондай-ақ, қазіргі уақытта әлем бойынша діни негізде дұшпандылық пен жеккөрушіліктің сандық және ең бастысы «сапалық» көріністерінің артып бара жатқандығын жасырудың мәні жоқ [53, с.86]. Жоғарыда айтылған пікірлерді есепке ала отыра, өз пайымымыз негізінде діни экстремизмге төмендегідей анықтама береміз: «Діни экстремизм – діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір діни ұйым негізінде құрылған діни көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде таңу әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер».

Қылмыстың белгілі бір уақыт (кезең аралығындағы) деңгейі мен құрылымындағы өзгерістерін білу үшін қылмыстылық динамикасына назар аударамыз. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер негізінде соңғы он жыл (2007-2016) ішінде республика аумағында жасалған жалпы қылмыстылықпен қатар экстремистік бағыттағы қылмыстылық динамикасы да жыл сайын (кесте 1), әсіресе, соңғы үш жыл ішінде өсу үстінде деп тұжырымдауға болады. Жалпы қылмыстылықпен салыстырғанда бұл қылмыс түрінің көрсеткіші соншалықты жоғары емес сияқты болып көрінгенмен ұлт аралық және конфессия аралық саладағы өте нәзік және спецификалық мәселеге қатысты бір қылмыстың өзі жеке қаланың ғана емес тез арада бүкіл бір мемлекеттің проблемасына айналып кетуі ықтимал құбылыс екендігін естен шығармаған жөн.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы жалпы қылмыстық құқық бұзушылық құрылымындағы экстремистік бағыттағы қылмыстылық динамикасы

Жылдар	Жалпы тіркелген қылмыстар саны	Экстремистік қылмыстар	% шаққандағы үлестік салмағы
2008	128064	–	–
2009	127478	63	0,04
2010	121667	46	0,03
2011	131896	48	0,03
2012	206801	42	0,02
2013	287681	78	0,02
2014	359844	80	0,02
2015	341291	80	0,02
2016	346510	154	0,04
2017	262389	321	0,12

Діни экстремизмге байланысты қылмыстар көрсеткішіне талдау жасамас бұрын жалпы экстремистік қылмыстар құрылымына назар аударған жөн. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер бойынша 2008 жылдың экстремизмге байланысты көрсеткіштерін табу мүмкін болмағандықтан кесте 2-де тек 2008-2017 жж. көрсеткіштерімен шектелгендігімізді және экстремистік қылмыстарға жататын кейбір қылмыс түрлерінің осы уақыт аралығында жасалмауына байланысты (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 181, 184-баптары) кестеге енгізілмегендігін ескерткіміз келеді.

Жалпы экстремистік қылмыстар ішінде діни экстремизмге байланысты қылмыстардың үлестік салмағының жоғары болуы біздің мемлекетіміз үшін экстремизмнің «діншілдік» үдерісінің қарқындылығын айтуға болады. Сондай-ақ, «Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік» (Қазақстан Республикасы ҚК, 258-б.) және «Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру» (Қазақстан Республикасы ҚК, 259-б.) бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың да 2011 жылдан бастап тіркеліп, көрсеткіштерінің біртіндеп жоғарылап келе жатқандығын байқаймыз (кесте 2-ні қараңыз).

Жалпы экстремистік бағыттағы құқық бұзушылық құрылымындағы діни экстремизмге байланысты қылмыстылық динамикасы көрсетілген мына кестеде (кесте 3-ті қараңыз) діни экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың пайызға шаққандағы үлестік салмағының төмендегенін көреміз. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2011-2014 жылдар аралығында 10-12% төмендегенін байқауға болады. Сондай-ақ, 2015 жылдан бастап бұл көрсеткіштер күрт көтеріле бастаған.

Кесте 2 – Қазақстан Республикасындағы жалпы экстремистік бағыттағы қылмыстылық құрылымының динамикасы

Атауы	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016 9 ай
Экстремистік бағыттағы барлық қылмыстар саны	63	46	48	42	78	80	80	154	321
Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік, топтық немесе діни алауыздықты қоздыру (ҚК 174-б.)	37	26	31	21	43	50	50	86	129
Билікті басып алуды н/се ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (ҚК 179-б.)	3	–	1	2	3	1	2	2	5
Сепаратистік әрекет (ҚК 180-б.)	–	–	–	–	–	–	–	4	3
Экстремистік топ құру, оған басшылық ету немесе оның әрекетіне қатысу (ҚК 182-б.)	–	–	–	–	–	–	–	–	2
Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге дем беру (ҚК 258-б.)	–	–	–	7	11	10	15	17	19
Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру (ҚК 259-б.)	–	–	–	–	3	7	5	20	19
Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту (ҚК 260-б.)	–	–	–	–	–	–	–	6	1
Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу (ҚК 404-б.)	4	5	5	4	1	2	–	2	6
Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу н/се тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу (ҚК 405-б.)	19	15	12	8	17	10	8	17	37

Кесте 3 – Қазақстан Республикасындағы экстремистік бағыттағы құқық бұзушылық құрылымындағы діни экстремизмге байланысты қылмыстылық динамикасы

Жылдар	Жалпы экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар	Діни экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар	% шаққандағы үлестік салмағы
2009	63	56	88,8
2010	46	41	89,1
2011	48	43	89,5
2012	42	29	69,0
2013	78	60	76,9
2014	80	60	75,0
2015	80	58	72,5
2016	154	103	66,8
2017	321	172	53,5

Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды зерттеуде оның құрылымын қарастырудың маңыздылығы зор. Берілген көрсеткіштер негізінде (кесте 4-ке қараңыз) қылмыстық кодекстің 4-тарауының (Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы құқық бұзушылықтар) 174-бабы (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) бойынша сараланатын қылмыстар көрсеткішінің жыл санап тұрақты түрде өсіп жатқандығын байқаймыз.

Ал Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауына жататын 404 және 405-баптармен реттелетін құқық бұзушылық көрсеткіштерін де төмендеу тенденциясына ие деп айта алмаймыз. Қазақстан Республикасы ҚК 174-бабымен реттелетін қылмыстардың әр жылға шаққандағы орташа есебі 53 қылмыстық құқық бұзушылықты құраса, 404-баппен реттелетін қылмыстар әр жылға орташа есеппен 3,2 қылмысты және 405-баппен реттелетін қылмыстар түрі орташа есеппен 15,8 қылмыстық құқық бұзушылықты құрайды. Яғни, экстремистік қылмыстар құрылымында да, діни экстремизмге байланысты қылмыстар құрамында да «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға» байланысты қылмыстар көрсеткіштері жоғары. Экстремизм мәселесін зерттеуші отандық криминолог А. Дәрменов жалпы қылмыстылық сияқты экстремистік бағыттағы қылмыстарға да жоғары латенттіліктің тән екендігін белгілеп оны 1) ұғымдық аппаратты анықтау мәселесінің жеткілікті әзірленбеуі; 2) адамдардың басым бөлігінің экстремистік бағыттағы материалдарды әкелу, дайындау, өндіру мен таратуды қоғамдық қауіпті және қылмыстық жазаланатын әрекеттер ретінде қабылдамауы бұл қылмыстарды анықтау мен ашуға ықпал етпеуі; 3) қылмыстық әрекеттердің жасалуынан анық салдардың болмауы сияқты жасырын сипаттылығы; 4) осы санаттағы қылмыстарды анықтау және тергеуге байланысты құқық қорғау

органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлықтарының жеткіліксіздігі; 5) қылмыстық әрекеттердің осы түрлерінің жоғары қоғамдық қауіптілігін, әсіресе, күрделі криминогенді жағдай аясында жете бағаламауы сияқты себептермен байланыстырады [47, с.108]. Осы санамаланған факторлардың 10 жылдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтпағандығын белгілей отыра, қылмыстық әрекеттердің жасалуынан анық салдардың болмауы сияқты жасырын сипаттылығының мәнінің зор екендігіне тоқталып өткіміз келеді. Қарағанды облысы Жезқазған қаласында орналасқан ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері мен лидерлері, сонымен қатар экстремистік және террористік қылмыстары үшін жазаларын өтейтін сотталғандарға АҚ 159/25 жазаларды атқару мекемесінде экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін жазаларын өтеп жатқан сотталғандардан сауалнама алу кезінде сотталғандардың 71% осыған дейін де экстремистік бағыттағы қылмыстар жасағандықтарын, алайда қылмыстық жазаға тартылмағандықтарын мойындады. Ғалымдардың бірқатарының пікірлері бойынша біз қарастырып отырған қылмыс түрі жарияланған ресми статистикамен салыстырғанда бірнеше есе артық болуы жоққа шығарылмайды [47, с.107].

Мұрағаттық қылмыстық істермен танысу барысында істің 90% ҰҚК, ПД немесе прокуратура сияқты сияқты уәкілетті органдардың анықтауымен қозғалатындығы белгілі болды. Ал жеке адамдардың арызы бойынша қылмыстық істің қозғалуы өте аз кездеседі. Біз зерделеген қылмыстық істер бойынша осы мәндегі бір ғана іс болғандықтан, тоқтала кеткенді жөн көрдік: 18.11.2013 ж.т. А.А. Муковнин деген азамат К.А. Сеитовті «колбит–салафит» деп атап, намысына тиген және филологиялық сараптама қорытындысы бойынша оның сөздерінде ұлттық, діни алауыздықты қоздыруға, азаматтың ұлттық намысы мен қадір–қасиеті мен діни сезіміне тию белгілерінің бары анықталған [54]. Мұндай әрекеттер күнделікті өмірде жиі кездескенмен көп адамдар (оның анық салдарының болмауына байланысты) ол үшін жауаптылыққа тартуға болатынын да білмейді немесе мән бермейді деп пайымдаймыз.

Мұрағаттық қылмыстық істерді зерделеу барысында 174-баппен сараланатын қылмыстық әрекеттердің 77% – діни алауыздықты қоздыру мақсатында діни экстремистік материалдарды таратуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық, 18% – әлеуметтік (басым бөлігі Ақтөбе облысында қозғалған), 5% – ұлттық алауыздықтарды қоздыруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қозғалғанын анықтадық. Ал рулық, нәсілдік, тектік-топтық (қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодекстің жаңалығы) қатыстылығы белгілері бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты істердің тіркеле қоймауы мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол берілмеуден емес, олардың табиғи латенттілік сипатына байланысты болар деп топшылаймыз. Бір айта кететін жәйт, сот және тергеу практикасын зерделеу барысында әрбір жағдайдың екіншісінде діни экстремистік мазмұндағы материалдарды олардың өздері емес, өзге, олар танымайтын адамдар дайындаған. Әрине, дайындаған адамдар туралы мәліметтердің қылмыстық істе болмауына байланысты діни экстремистік бағыттағы материалдарды

дайындаушы немесе әкелуші адамдар жауапқа тартылудан құтылып кетеді. Мұның салдарынан діни экстремизмнің теріс әсеріне мүдделі тұлғаларды білу, оның таралу ауқымын белгілеу мүмкіндігінен уақытша болса да айрыламыз. Кесте 4 – Қазақстан Республикасындағы жалпы экстремистік бағыттағы қылмыстылық құрылымының динамикасы

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік, топтық немесе діни алауыздықты қоздыру (ҚР ҚК, 174-б.)	37	26	31	21	43	50	50	86	129
Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу (ҚР ҚК, 404-б.)	4	5	5	4	1	2		2	6
Қоғамдық немесе діни бірлестіктің не өзге де ұйымның экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты олардың қызметіне соттың тыйым салу немесе тарату туралы шешімінен кейін олардың қызметін ұйымдастыру және оған қатысу (ҚР ҚК, 405-б.)	19	15	12	8	17	10	8	17	37

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және есеп Комитетінен алынған мәліметтер бойынша 2013-2016 жж. аралығында прокурорлық қадағалау жүргізу нәтижесінде алынып қойылған экстремистік тақырыптағы материалдар мен қару-жарақ, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар туралы мәліметтер берілген. Мысалы: 2013 жылы барлығы 25 материал алынып қойылған, оның ішінде 3-уі үнпарақ, 20-ы кітап, 2-уі басқа жеткізгіш құралдар. 2014 жылы барлығы 274 материал алынып қойылып, оның ішінде 178-і кітаптар, 96-сы басқа жеткізгіш құралдар, 2015 жылы барлығы 374 материал алынып қойылып, оның ішінде 70-і үнпарақтар, 278-і кітаптар, 27-сі басқа жеткізгіш құралдар болса, 2016 жылдың 9 айында барлығы 149 материал

алынып қойылған, оның 94-і үнпарақтар, 34-і кітаптар және 21-і басқа жеткізгіш құралдар. Тек прокурорлық қадағалау барысында ғана анықталған бұл көрсеткіштерді зерделей отырып, діни экстремистік бағыттағы радикалды идеяларын таратушы тұлғалардың үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қарқындылығы жоғарылап келе жатқандығын байқауға болады. Жалпы экстремизм, оның ішінде бізге қызығушылық туғызушы діни экстремизммен күрес жүргізу мәселесі ҰҚК құзыретінде болуына байланысты ақпараттардың басым көбінің құпияландырылуы алынатын мәліметтер легіне шектеу қоятындықтан экстремистік мазмұндағы тәркіленген материалдар туралы ақпараттар арасында сәйкессіздіктің барын айта кеткіміз келеді. Сондықтан осы зерттеу жұмысында біздер тек Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және есеп Комитетінен алынған мәліметтерді ғана негізге алуды жөн көрдік.

Бөлімді қорытындылай отыра төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Діни экстремизм ұғымының мазмұнын зерделей отырып оған төмендегідей авторлық анықтама береміз: «Діни экстремизм – бір діни ұйым негізінде құрылған діни көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде тану әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер».

Республикамызда қызмет етіп жатқан діни ұйымдар қызметін зерделей отырып, олардың басым бөлігіне діни экстремизмнің саясиленген исламистік нысаны тән деген қорытындыға келдік.

Жалпы қылмыстылық ішінде экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтың пайыздық көрсеткіштерінің жоғары еместігіне қарамастан қылмыстық кодекстің 174-бабымен сараланатын қылмыстар көрсеткішінің соңғы екі жыл ішінде күрт өсуі осы қылмыстық құқық бұзушылық түрінің қоғамдық қауіптілігінің жоғары екендігін белгілейді.

Қазіргі статистикалық көрсеткіштер негізінде жалпы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің күрт өсу тенденциясына ие екендігін байқаймыз. Діни экстремизм жалпы экстремистік қылмыстар құрылымының орташа есеппен алғанда 53,5% құрайды.

1.2 Діни экстремизмнің қылмыстылық себептері және діни экстремистің тұлғалық ерекшеліктері

«Қылмыстылыққа деген жүйелі ыңғай оның терең әлеуметтік себептерін ашуды білдіреді» [55, с.127],– деп Ү.С. Жекебаев белгілегендей, діни экстремизм көріністерінің өсу тенденциясы оның себептеріне үңіліп, оны бақылауды, зерделеуді және бұл құқық бұзушылық түрін ескерту мақсатында белгілі бір қорытындылар жасауды қажет етеді.

Қылмыстылық себептері мен жағдайлары және факторлары, сонымен қатар қылмыстардың жасалуына ықпал етуші жағдайлар туралы жүйелендірілген ілім жасау үшін жалпы қылмыстылық пен нақты қылмыстарға қатысты қолданылушы «себептер», «жағдайлар» және «факторлар» терминдерінің мәнін бағалау қажет» [56, с.181].

Қылмыстылық себептері – бұл қылмыстылық пен қылмысты өзінің заңды салдары ретінде тікелей туындатушы әлеуметтік-психологиялық құбылыс [56, с.61]. Жағдай бұл қылмыстылықты немесе қылмысты өздігінен туындатпайды, бірақ туындау үдерісіне әсер етіп, қылмыстылық детерминациясына қатысады [57, с.236]. Себептер мен жағдайлар арасында тығыз өзара байланыс болып, оның болуы екеуін де қамтитын жалпылама «криминогенді детерминанттар» ұғымын пайдалану мүмкіндігін береді [56, с.62]. Сондай-ақ, себеп пен жағдай «түрлі қоғамдық құбылыстарда бір жағдайда себеп ретінде саралануы, ал басқасында жағдай болып қалуы мүмкін» [57, с.184].

Қылмыстылық себептері мен жағдайларына талдау жасауда «факторлар» ұғымының мәні зор..., «фактор» ұғымы тиісті құбылыстың белгілі бір мәні бар, қандай да бір үдерістің жүргізілуіне немесе нәтижесіне әсер ететіндігін білдіреді [57, с.186]. Демек, біз діни экстремизм себептерін ашуда мазмұны беріліп, айырмашылықтары шектелген осы ұғымдарды пайдаланатынымызды ескертеміз.

Зерттеу жұмысы шеңберінде қызығушылық туғызушы діни экстремизмге байланысты қылмыстылықтың себептері бір немесе екі фактордан ғана емес себептер кешенінен тұратыны жазылып жүр. Елімізде діни экстремизмнің пайда болу себептерін отандық саясаттанушылар төмендегідей бағыттар бойынша ашуға әрекеттенген:

– біріншіден, экстремистік идеологияны қабылдауға іштей дайын белгілі бір әлеуметтік топтардың болу қаупімен байланысты объективті факторлар бар. Нарықтық өмір индивидуалистікке, эгоистікке, қаталдық пен күшке негізделгені ешкімге де құпия емес. Нарықтық қатынастарға көшу барысында жақсылық, ізгілік, шыншылдық сияқты адамгершілік негіздері бұқаралық ойда құнсызданып кетті. Болашақ пен бүгінге сенімнің жоғалуы, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, бұрынғы идеалдардың бұзылуы жаңа миссионерлер үшін нағыз табылмайтын құтты негіз болды, олар соны пайдаланып, агрессивті прозелитикалық жұмысты бастап кетті;

– екіншіден, экстремистік идеялардың табан тіреп енуіне субъективті фактор болып табылатын идеологияны жоғалту үдерісі жатады. Кеңестік кезеңнен кейінгі демократияның жоғалуы негізінде жалған діни тәжірибені және олардан кейін келе жатқан идеологиялық геосаясат жобасын шексіз жүргізуге жағдай жасалып, жақсы мүмкіншілік туғызды [53, с.40]. Біз бұл авторлар көрсеткен факторлар діни экстремизмнің себептерін үстіртін, бір жақты ғана ашады деген пікірдеміз.

Ал Қазақстанлік ғалым А.В. Петрянин жалпы экстремизмнің даму себептерін: а) әлеуметтік-экономикалық себептер; б) бақылаусыз миграция; в) жалпы мемлекеттік және жалпы ұлттық идеологияның болмауы; г) бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның болмауы; д) антиэкстремистік заңнаманың жетілмеуі; е) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің экстремизммен күрестегі кәсіби деңгейлерінің төмендігі; ж) халықты, әсіресе, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу бағдарламаларының жоқтығы сияқты факторлармен байланыстыра келіп, діни экстремизм себептерін халықтың діни сауатсыздығы, рухани және имандылық қасиеттер деңгейінің төмендігінен

болатындығын айтады [58, с.336-339]. Автордың пікірімен ішінара келісе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның болмауын экстремизмнің дамуына ықпал етуші факторлардың біріне жатқызуын ғылымда дискуссия туғызатын пікір деп есептейміз.

П.Н. Кобец XX ғасырдың соңында квазидіни ілімнің кеңінен таралуын экзистенциалды вакуум, яғни адамдардың өмірінің мәнін құраушы құндылықтардың, сонымен қатар имандылық пен әлеуметтік бағыттарының жоғалуымен байланыстырады [59, с.18-21]. Бұл пікірді де жоққа шығара алмаймыз. Әрине, ешнәрсе де кездейсоқ, өздігінен пайда болмайтыны анық. Сондықтан біз елімізде діни экстремизмнің етек жаюына ықпал етуші сыртқы және ішкі себептер бар деп қарастыра отырып, сыртқы факторларға әлемдік жаһандану факторын жатқызамыз. Ол қазіргі кезеңде әлемдегі жаһандану үдерісі мен шиеленісу әлеуетінің өсуіне ықпал ететін халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ахуалына елеулі әсерін тигізіп отыр [2]. XXI ғасырда діндер арасындағы қайшылықтар өрши түсті. Әрбір дін әділетті және ізгі әлемнің өзіндік бейнесін қалыптастырады. Осы тұрғыдан, діннің өзіндік идеологиясы, әлемнің идеалды бейнесі бар және бұл идеалдар сәйкес келе бермейді. Өткен ғасырларда әлемнің жекеленген бөліктерінде өздерінің діни ерекшеліктері болды, мәселен: христиандық, исламдық, иудаистік, буддистік. Олар діннің таралу аймақтары бойынша бәсекеге түсті, алайда өздерінің аймақтарында біртұтас және басым дін болып келді. Қазіргі таңда, діндер әлемнің әр бөліктеріне таралып, бір-бірімен бәсекеге түсіп отыр. Дінаралық қайшылықтардың стратегиялық негізі осында. Осындай қайшылықтар ұлғайып келеді [53, с.61] Біздің ойымызша, бұл – діни экстремизмдегі жаһанданудың басты белгісі.

В.В. Лунеев, В.Н. Кудрявцев, В.Е. Петрищев сияқты ғалымдардың пікірлері бойынша жаһандану жағдайында терроризм мен экстремизмді туындатушы басты факторлар – бұл бай және кедей мемлекеттер арасындағы терең және ұзаққа созылып кеткен дау-дамайлар. Егер әлеуметтік және халықаралық аспектілерге келер болсақ, бұған ұлтшылдық, сепаратизм, діни және саяси сенімдер түріндегі терроризмді де қосу қажет. Шешен оқиғаларында осы факторлардың, оған қоса бұрмаланған түрдегі діни факторлардың да болғандығын, себебі ислам бейбіт тұрғындарды өлтіруді, жалпы басқа діни көзқарастардағы тұлғаларға қатысты соғысты қолдамайтындығын айту да жеткілікті [60, с.55-56].

Геосаяси фактор. Қазақстандық К. Бурханов, Е. Тукумов, А. Дәрменов сияқты ғалымдар мен басқа да бірқатар зерттеушілер жалпы экстремизм, оның ішінде діни экстремизмнің дамуына ықпал етуші факторлардың біріне еліміздің геосаяси жағдайын жатқызады. Біз де олардың пікірін қолдай отыра, Қазақстанның діни фанаттардың жарылыс жасауы әдеттегі жаңалыққа айналған Ресей мемлекетімен, сондай-ақ жалпы экстремистік жағдай жанданып, өзекті мәселеге айналып, экстремистік ұйымдардың билікке қол жеткізу үшін қарулы қақтығыстарға барып жатқан Орта Азия мемлекеттерімен көршілес болуы – Қазақстанға алаңдатушылық туғызушы факторлардың бастысы деп санаймыз.

Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстанда экстремистік қозғалыстардың белсенділігінің артуы саяси курстың әлсіздігі, экономикалық жағдайдың нашарлауы, сыбайлас жемқорлық, өмір сүру деңгейлерінің күрт төмендеуі мен мемлекеттік басқару тиімсіздігі сияқты факторлардан туындап отыр [61].

Орта Азия өңіріндегі жағдай негізінен ұлттық қиын проблемалармен, қалыптасқан ішкі және мемлекетаралық саяси-экономикалық мәселелермен тығыз байланысты. Өңірдегі жағдайды түрлі діни экстремистік құрылымдар мен террористік ұйымдардың іс-әрекеті одан әрі қиындата түсуде. Тұрақтылық болмаған елде әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, елдің экономикасы өркендемейтіні белгілі.

Заңсыз көші-қон факторлары. Бүгінде Орта Азия мемлекеттерінің аумағы Еуропаға заңсыз көші-қонды жеткізуші транзиттік база ретінде пайдаланылуда. Оның зардаптарын біздің мемлекетіміз де көріп жатыр. ҰҚК деректері бойынша: «Лаңкестік пен экстремизмнің тағы бір таралу мүмкіндігі заңсыз көші-қон болып табылады, оның ішінде лаңкестік және діни экстремистік ұйымдар – әрекет ететін елдерден келетіндер. Тараз қаласында маусым айының он екісі күні Шешенстандағы заңсыз қарулы құрылымдардың қызметіне қатысқаны үшін мемлекетаралық іздеуде жүрген Қазақстан Республикасының азаматы ұсталды [62].

ҰҚК-нің БАҚ берген ақпараттары бойынша: «Ағымдағы жылдың он үшінші маусымында лаңкестік әрекеттері мен қасақана кісі өлтіргені және бір қатар қылмыстары үшін Р. Құлбеков өз елі Өзбекстанға тапсырылды. Елімізде лаңкестік пен экстремизмнің таралуына қару-жарақтың, оқ-дәрі мен жарылғыш заттардың заңсыз айналымы да үлкен себеп болуда. Оның жолын кесу үшін Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі және басқа да мүдделі ведомстволармен бірлесіп, республикамызға олардың заңсыз келуін анықтау, сондай-ақ әскери бөлімшелердегі қоймалар мен арсеналдардағы, лицензиялау рұқсат беру жүйесі нысандарындағы қару-жарақ пен әскери техниканың сақталуын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. ҰҚК органдарының материалдары бойынша заңсыз айналымнан жыл сайын атыс қаруының, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың айтарлықтай көлемі тәркіленуде» [62].

Ішкі себептер:

Бұл ең алдымен мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдай.

Әлеуметтік себептер өзге мемлекеттермен қатар қазіргі Қазақстан үшін де діни экстремизмнің дамуына ықпал етуші негізгі себептердің бірі болып табылады. Бұған ел азаматтары арасындағы әлеуметтік және мүліктік теңсіздікті жатқызамыз [63, б.366]. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының маңызды құрамдас бөлігі адамдардың жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейі болып табылады. «Қазақстан жастары ұлттық баяндамасындағы» әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша 2014 жылы 14-29 жас аралығындағы респонденттердің 60,3% – жұмыспен қамтылмаған немесе ішінара қамтылған болғандығына көз жеткіземіз, олардың 56,7% – қала жастары және 43,3% – ауыл жастары [64, б.54] болып шықты. Сонда еңбек қабілеттілігі мен ішкі

әлеуеті жоғары, бірақ жұмыспен қамтылмаған жастар өз уақыттарын неге жұмсауы мүмкін? деген заңды сұрақ туындайды.

Ал, Еуразиялық экономикалық комиссияның мәлімдеуі бойынша 2015 жылғы тамыз айында 2014 жылғы тамыз айымен салыстырғанда қазақстандық жұмыссыздар саны 5,5% өскен, бұл экономикалық белсенді халықтың 0,7% құрайтынын айтса [65], кейбір дереккөздер Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі бойынша ресми деректер нақты емес және өте төмендетілген деген пікірде, олардың санауы бойынша шынайы жұмыссыздық деңгейі 11,2% құраса керек [66]. Осы бөлімді жазу барысында алдымызға қойған міндеттерді орындау үшін, яғни әлеуметтік орта өкілдерінің күнделікті тыныс-тіршілігін, олардың әлеуметтік жағдайларын анықтау және сол арқылы қарапайым адамдардың экстремистер қатарын толықтыруларына не түрткі болатындығын белгілеу мақсатында Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Алматы облыстарының 321 тұрғындары (мұнан әрі – облыс тұрғындары) арасында сауалнама (тұрғындардың әлеуметтік сауалнамаға қатысуға белсенділік таныта қоймайтындықтан небәрі 321 респондент қана қатысты) жүргіздік. Жауап берген респонденттердің 61% әйел адамдар және қалған 39% ер адамдар. Жас шамасына келер болсақ 27-40 жас аралығындағылар 32%, 41-50 жас аралығындағылар 44% және 51-73 жас аралығындағылар 24% құрайды. Олардың 71% қазақтар, 12% орыстар, 7% украин, 1% белорус, 4% неміс, 2% шешен және 3% кәріс ұлтының өкілдері.

«Кәсібіңіз кім?» деген сауалға қатысушылардың 24% мемлекеттік қызметкерміз деп, 30% бюджеттік қызметкерміз деп, 26% жұмысшымыз деп, 13% зейнеткерміз деп және қалған 7% уақытша жұмыс істемейміз деп жауап берген. «Өзіңізді материалдық жағынан қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызасыз ба?» деген сауалға респонденттердің 47% өздерін тұрмысы орташа адамдар қатарына жатқызатындықтарын, 16% өздерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызатындықтарын және 37% өздерін тұрмысы орташадан төмен адамдар қатарына жатқызатындықтарын айтты.

«Табыстарыңыз қандай қажеттіліктеріңізді өтеуге жетеді?» деген сауалға олардың 44% күнделікті өмір сүрулеріне ғана жетіп, мүлдікті қор жинақтауларына мүмкіндік бермейтіндіктерімен негіздеді ал, 16% табыстарының барлық қажеттіліктерін жабуға жететіндіктерін, сонымен қатар шет мемлекеттерде дем алатындықтарын, жылжымайтын мүлік, қымбат автокөліктері мен жеке бизнестерінің бар екендігін, сондықтан өздерін материалдық қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызатындықтарын айтса, 40% өздерінің тамақтану, медициналық қызмет алу мен басқа да әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарының барлығымен негіздеді.

Қалай болғанда да жұмыссыздық, материалдық қамтамасыз етілмеушілік әлеуметтік тұрақсыздық пен әлеуметтік шиеленіске апарып, ал ол өз кезегінде адамдардың наразылығын туғызып, тығырықтан шығудың кез келген жолын іздеуге итермелеуші фактор болып табылатындықтан респонденттердің 40% өздерінің тамақтану, медициналық қызмет алу мен басқа да әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарының барлығын айтуын жақсы болжамға жатқыза алмаймыз.

Мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы:

Республикамызда мемлекеттік немесе ұлттық идеологиялық бағдарламалар жоқ, сонымен қатар, идеологияның тиімділігін негіздеуші іргелі еңбектер мен жүйелі зерттеулердің де жоқтығын айта кеткен жөн. Белгілі қазақстандық режиссер Т. Теменов: «Біз өнеркәсіп, мұнай мен газ, космос, жаһандылық туралы үнемі айтамыз, алайда, ең бастысы адамдардың көзіне қарауды ұмытып қалыппыз. Неге бізден 150 адам, балаларымен бірге Сирияға кетіп қалды. Бұл мемлекеттік масштабтағы төтенше жағдай! Егер бір адам, дос үш адам кетсе түсінер едім, бірақ 150 отбасы деген бір ауыл ғой! Неліктен олар соғысу үшін басқа мемлекетке кетті? Демек, онда бізге, осы адамдарға қарсы жұмыс істейтін қуатты идеология бар. Бұл дегеніміз, егер бізде идеология болмаса оны басқа, бізге жат идеологиямен толтырады» [67],– деген. Сол сияқты «Ұлттық идеологияның кенжелеп қалғанын Қазақстанның түрлі секталардың ошағына айналып отырғанынан да көруге болады» [68]. Бұл авторлардың пікіріне толығымен қосыла отыра, діни экстремизмнен күресудің ең негізгі тиімді жолы мемлекет тарапынан мемлекет немесе ұлт идеологиясын құру деп есептейміз. Біздің бұл пікірімізді қала тұрғындары арасында жүргізген сауалнама жауаптары бекіте түседі. Олардың пікірлері бойынша «Қазақстан халқына діни экстремизммен күресу үшін қандай рухани қажеттілігімізге мән беруіміз қажет?» деген сауалға респонденттердің 62% ұлттық идеологияны дамытуға назар аудару қажеттігін, 21% отбасылық тәрбиеге көңіл бөлу қажеттігін және қалған 17% сапалы білімге мән беру қажеттігін білдірген. Яғни, «...қай уақытта болмасын адамның танымдық болмысы бос болмауы керек. Адамға әсер ету, оны тәрбиелеу жолында идеологияның мәні зор екендігіне Кеңес үкіметінің тарихы куә. Сондықтан, насихаттық-идеологиялық жұмыстар белсенділігін арттырып, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелейтін уақыттың келгендігіне көз жеткізіп келеміз» [69, б.114].

Қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендеуі.

Оған төмендегідей себептерді жатқызамыз:

- отбасы мүшелерінің рухани қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырмаушылық;
- отбасылардағы материалдық қажеттіліктердің рухани қажеттіліктерден басымырақ болуы;
- ата-аналардың тым жұмыс бастылығы мен балалардың бос уақыттарын өздігінен өткізулері. Біз келтіріп отырған үш себеп кез келген орта деңгейдегі отбасының өмір сүру салты десек қателеспейміз. Өз әлеуметтік жағдайларына байланысты (әлеуметтік жәрдемақылардың тек бала бір жасқа толғанға дейін берілуі, тұрғын үйдің қымбаттығы және т.б. себептер) әйел адамның үйде отырып бала күтімімен, бала тәрбиесімен ғана айналысуына мүмкіндік бермейді.

Облыс тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары бойынша «Отбасында екеуіңіз де жұмыс істейсіздер ме?» деген сауалға респонденттердің 58% екеуіміз де жұмыс істейміз деп жазса, 27% өздерінің жалғызбасты ана екендіктерін, тек 15% әйелінің (күйеуінің) жұмыс істемейтіндігін көрсеткен. «Сіз материалдық қажеттіліктеріңізді бірінші орынға

қоясыз ба және қоюыңызға не себепші?» деген сұраққа 43% өздерінің материалдық жағдайларын басты кезекке қоятындықтарын жазған, 29% қойғысы келмегенмен өмір талабының солай екендігімен байланыстырған, 27% материалдық қажеттілікті бірінші кезекке қоймайтындықтарын білдірсе, 11% жауап беруге қиналатындықтарын жазған.

Білім беру жүйесіндегі кемшіліктер.

- ғылым мен білім беруге бөлінетін қаржының аздығы;
- жаратылыстану және қоғамдық пәндерге қаражаттың қалдық қағидаты бойынша бөлінуі;
- жалпы орта білім беру мектептері мұғалімдерінің басым бөлігінің өз жұмыстарына тек табыс көзі ретінде қараулары;
- жалпы орта білім беруші мектептердің басым бөлігінің білім беру мен оқушы тәрбиесіне формальды ыңғай танытулары.

Респонденттердің 58% орта мектепте берілетін білім сапасына разы еместіктерін білдірген, оның себебін 52% мұғалімдердің өз жұмыстарына тек табыс көзі ретінде қараулары деп түсіндірсе, 27% білім беру жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауы деп, 19% ұстаздардың өз шәкірттеріне талап қоя білмейтіндігімен және 2% балалардың сабақ оқуға деген ынталарының төмендігімен байланыстырған. «Мектеп ұжымы қазіргі оқушылардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра ала ма?» деген сауалға сауалнамаға қатысушылардың 31% мүлдем қанағаттандыра алмайды деп, 52% ішінара ғана қанағаттандыра алады деп, 17% қанағаттандырады деп жауап берген.

Сондай-ақ, «ғылымға жұмсалатын қаражат ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) үлесімен өлшенеді. Былтырғы жылы бұл көрсеткіш көлемі 0,16% болса, қазір онан да аз. Дамыған мемлекеттерде ЖІӨ үлесін қаржыландыру 3% құрайды. Қаржыландырудың абсолютті көлемінде емес, үлестік қатынаста. Біз 20-25 есеге қалдық. Қаржыландырудың мұндай үлесі ғылымды жетелеу үшін аздық етеді. Мемлекет қалыпты даму үшін ғылымды қаржыландыру ЖІӨ-нің 1,5%-нан кем болмауы керек» [70],– деген статистикалық талдау нәтижелерін біз жоққа шығара алмаймыз.

Сыбайлас жемқорлық: Жекелеген жергілікті мемлекеттік шенеуніктер тарапынан орын алатын сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократизм [2] де экстремизмнің дамуын ықпал етуші ішкі себептердің біріне жатады.

Азаматтардың діни сауаттылықтарының төмендігі: дәстүрлі дін негізінде жазылған әдебиеттерді мүлдем оқымағандық немесе үстіртін білу; адамдардың, әсіресе жастардың діннің іргелі негіздеріне (имандылық, ата-анаға деген құрмет, терең білім алу, қайырымдылық және т.б.) емес, жанама аспектілеріне (сақал қою, балақ ұзындығы және т.б.) ерекше көңіл бөлулері; діннің шығу және таралу тарихын білмеулері [71]. Себебі діни сауаты бар адам дәстүрлі ислам дінін жалған діннен тез ажыратқан болар еді деп пайымдаймыз.

Адамдардың психологиялық денсаулығындағы проблемалар: отандық денсаулық сақтау жүйесінің халықтың рухани (психиатриялық) денсаулығын қамтамасыз етуге ыңғайланбағандығы; денсаулығында психикалық ақаулары (әсіресе жастар арасында) бар халық санының өсіп келе жатқандығы; адамдардың психикалық ақауларын табу және емдеудің тиімділігі жоғары

әдістерінің жоқтығы. Астана қаласы әкімдігінің психикалық денсаулық орталығы директорының мәлімдеуі бойынша әлемдегі әрбір төртінші адамда өмірінің түрлі кезеңдерінде психикалық денсаулық проблемалары болуы мүмкін екен. Астананың психикалық және мінез-құлық бұзылулары 100 мың халыққа шаққандағы 72,9 жағдайды құрап, шизофрения, ақыл-ой кемтарлығы сияқты ауру түрлері тұрақтылыққа ие екен [72]

Облыс тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің ешқайсысы психиатр дәрігердің көмегіне жүгініп көрмеген. Дегенмен, адамның физиологиялық болмысы тәннің ауырғаны сияқты жан ауруы жағдайында да арнайы дәрігерлік көмекті қажет ететіні анық. Сондықтан адамдардың түрлі күйзеліске түсу жағдайларын түрлі діни ағымдар өз пайдасына жарату жағдайларын жоққа шығармаймыз. Респонденттерден «Сіз өзіңізге психиатр дәрігердің көмегі қажет деп ойлайсыз ба?» деген сауалға 23% қажет ететіндіктерін білдірсе, 16% дәрігерлік көмектің бұл түрі біздің менталитетімізге келмейді деп жауап беріп, 35% бұл туралы мүлдем ойланып көрмегендіктерін және 26% дәрігерлік көмектің бұл түрін қажет етпейтіндіктерін жазған.

Жалпы «Діни экстремизмнің елімізде таралуына не себеп?» деген сауалға қала тұрғындарының 46% адамдардың материалдық жағдайларының төмендігін, 3% адамдардың діни сауаттылықтарының жоқтығын, 6% діни сауаттылықтарының төмендігін, 21% ұлттық идеологияның жоқтығын, 19% адамдардың психологиялық болмыстарының тұрақсыздығын және 16% қазақстандықтардың имандылықтарының төмендігін жазған (Ә қосымшасын қараңыз). Сөйтіп, сауалнама қорытындылары негізінде респонденттер әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігін көп мәселеде шешуші фактор ретінде көрсеткен деген қорытындыға келдік.

Қылмыскер жеке басын криминологиялық тұрғыдан зерттеу ең алдымен «тұлғаның қылмыстық мінез-құлқын тудырушы қасиеттерін, қылмыстылықтың алдын алу мақсатында табу және бағалау» [73, с.47] үшін жүзеге асырылады. Сондықтан осы зерттеу жұмысында біз діни экстремист жеке тұлғасын мұқият зерттеп, жан-жақты қарастыруға тырысамыз.

Криминологияда көптеген уақыт бойы қылмыскердің жеке тұлғасы мәселесіне қатысты түрлі пікірлер бар. Мұндай пікірталастардың қисындық нәтижесі авторлардың қылмыскер жеке тұлғасы ұғымына қатысты өз пікірлерін дәлелдеуі болып табылады.

Ғалымдардың біразы қылмыскер жеке тұлғасын күрделі, жағымсыз қасиет, жағдай кешені ретінде қарастырып, олардың құрылымы, әлеуметтік және психологиялық сипаттамасы нақты объективті жағдайлармен бірлесіп, қылмыстық мінез-құлықты құрайтынын көрсетеді [74, с.14], [75, с.17], [76, с.20]. Кейбір криминологтар «қылмыскер тұлғасы» терминін пайдаланудың ғылыми дұрыстығына күмән келтіреді. Қабылдауға ыңғайлы болмағанмен «қылмыс жасаушы (жасаған) адамның (индивидтің) жеке басы» [73, с.15] сөз тіркесін пайдалану дұрысырақ болар еді дегенді айтады. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отыра, өз жұмысымызда қалыптасқан, ыңғайлы ұғым «қылмыскер тұлғасы» деген тіркесті пайдаланамыз.

Зерттеу жұмысы барысында біз діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғаларды зерделеу нәтижесінде, ең алдымен «мұндай әрекет не үшін және қалай жасалды, мұндай қылмыскер қандай жауапқа тартылуы керек, мұндай тұлғаларға қолдану үшін ескерту шараларының қандай түрі тиімді» деген сияқты сұрақтардың жауабын табуға тырысамыз. Дегенмен, осы мәселені зерттеген Ресейлік ғалым А.В. Петряниннің: «...зерттеп отырған құбылыстың ғылыммен қатар нормативтік деңгейдегі мазмұнындағы, сонымен қатар экстремизмнің бір-бірінен қағидатты түрде ерекшеленетін түрлеріндегі белгісіздіктерді есепке ала отырып экстремист жеке тұлғасын сипаттаушы белгілердің нақты тізімін анықтау мүмкін емес» [58, с.349], – деген пікірімен ішінара қосыла отыра, экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлға деп – өз психологиялық ерекшеліктері, қоғамға қайшы көзқарастары бар және өмірлік құндылықтарға деген көзқарасы бұрмаланған, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық қауіпті жол таңдаушы тұлғаны белгілейміз.

Криминологияда қылмыскер тұлғасының сипаттамасы оның құрылымы арқылы ашылады. Құрылым бұл элементтері арасында тұрақты өзара байланыс бірлігі ретінде шығатын жүйе құрылымы мен ішкі нысаны. Қылмыскер тұлғасы құрылымының элементтері – оны дербес бүтін жүйе ретінде сипаттайтын оның жеке қасиеттері, ерекшеліктері мен жағдайы [73, с.57]. Бұл жерде криминологияда қылмыскер тұлғасының құрылымдық компоненттерін белгілеуге қатысты бірдей көзқарастың жоқтығын айта кеткен жөн. Бір авторлар қылмыскер тұлғасы құрылымын ғылыми-практикалық мәні зор әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық сипаттамаларын есепке алмастан тек психологиялық бағытпен қарастырады [77, с.74], [78, с.91]. Алайда өз еңбектерінде қылмыскер тұлғасы құрылымына әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық және моральдық-психологиялық компоненттерді енгізген авторлар да біршама [79, с.88-89], [80, с.89-90], [81, с.27], [82, с.72]. Қылмыскер тұлғасы құрылымына қатысты айтылған соңғы пікірлерді діни экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалар құрылымын зерттеуде негізге алдық. Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық аспектісін ашуда оның жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасы жағдайы, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі және т.б. туралы мәліметтер назарға алынады. Бұл мәліметтерге статистикалық деңгейде талдау жасау арқылы қылмыскер тұлғасының демографиялық көрсеткіштерін, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесін, білім мен мәдени деңгейін анықтаймыз.

Ал қылмыскердің қылмыстық-құқықтық сипаттамасына қылмыстық қол сұғушылық мотиві, мінез-құлқының кәнігілік нысаны, қылмыс жасау кезіндегі психикалық жағдайы, рецидив туралы мәліметтер кешені енеді. Қылмыстық-құқықтық сипаттама негізінде қылмыстық қолсұғушылық генезисі, қылмыскердің қоғамға қайшы бағытының тұрақтылығы мен тереңдігі, қоғамдық қауіптілігі туралы қорытындылар жасаймыз.

Діни экстремист тұлғасын зерттеу оның моральдық-психологиялық мінез-құлық ерекшелігінсіз толық болмас еді. Оған тұлғаның мінез-құлық бағыты, эмоционалдық-ерік қасиеттері, моральдық бейнесі, физикалық-психикалық денсаулығы және т.б. көрсеткіштер жатады. Сөйтіп, қылмыскер тұлғасы

құрылымын жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша қарастыру қылмыскердің ерекше қасиеттерін анықтап, соның негізінде типологиясын жасауға, қылмыстық әрекетінің алдын алуға болады.

Қарағанды, Алматы және Ақтөбе облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы 210 қылмыстық істерді және осы облыстардың ҚАЖД жаза орындау мекемелерінде отырған сотталғандардың 300 жеке істері зерделеніп, 80 сотталған адамдар арасында сауалнама жүргізілді.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы оның көптеген қасиеттерін ашатыны анық және әлеуметтік-демографиялық сипаттаманың маңызды элементтерінің бірі – адамның жасы десек қылмыскерлердің жасына байланысты деректерді қарастыруда біз мұрағаттық қылмыстық істердегі көрсеткіштермен шектелуді жөн көрдік. Себебі жаза атқару мекемелерінде отырған сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері кәмелетке толмағандардың ол мекемелерде ұсталмайтындығына байланысты діни экстремист тұлғасының жас ерекшелігіне байланысты мәліметтерді анықтауда бізге көмектесе алмайды деп есептедік. Мұрағаттық қылмыстық істер бойынша діни экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалардың басым бөлігі (96%) ер адамдар екендігіне көз жеткіздік. Қылмыскерлердің жасына байланысты мәліметтер төмендегідей: діни экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлғалардың 33,9% – 14-18 жас аралығындағылар, 45,3% – 19-25 жас аралығындағылар, 16,7% – 26-30 жас аралығындағы және қалған 4,1% – 30-дан асқан азаматтар еншісінде деп айтуға болады. Яғни діни экстремистік сипаттағы қылмыстарға кәмелетке толмағандар мен жастардың тартылуы өте жағымсыз үдеріс.

Ғалым-криминолог С.М. Иманбаевтың пайымдауы бойынша: «Көбіне кәмелетке толмағандар террористік актілерге, жаппай тәртіпсіздік, жарылыс ұйымдастыруға қатысады. Олар экстремистік топтарға да жиі тартылады. Олардың өздерін танытуға деген құштарлықтары көбіне оларды криминалды ортаға әкеледі» [83, с.8]. Осы негізде 14-18 жас аралығындағы экстремистік бағыттағы қылмыстардың 33,9% кәмелетке толмағандардың құрауы бір жағынан олардың рухани жан-дүниелерінің тұрақталмағандығын, ішкі дүниетаным әлеуетінің қалыптаспағандығын білдірсе, екінші жағынан отбасы тарапынан тиісті бақылау мен тәрбиенің жоқтығын көрсетеді деп ойлаймыз. Сондай-ақ, 2013 жылғы 10 қазанда Атырау облысының қылмыстық істер бойынша ауданаралық сотында радикалды ағым идеологиясын насихаттаушы террористік топтың 9 мүшесіне үкім шығарылды, олардың ішіндегі екі кәмелетке толмаған балалардың жас ерешеліктерін ескере отырып, оларды алты жылға бас бостандығынан айыруға соттады [84]. Тереңірек үңілер болсақ, мұндай жағдай біраз уақыттан соң Қазақстан Республикасын келешегінен үміт күттірер қоғамға пайдалы азаматтарынан айырып, діни фанаттардың көбеюіне ықпал етуі мүмкін. Бұл жерде отбасы рөлінің баланың тұлға ретінде қалыптасуына тигізер әсерінің айрықша екендігін баса айтқымыз келеді. Сонымен қатар, ақпараттық технология дамыған бұл заманда интернет желісі арқылы ақыл-ойы бекімеген кәмелетке толмағандар ойына түсетін оң және теріс бағыттағы ақпараттар легінің көптігі, олардың ақпараттарды

қабылдағанмен оның жақсысын жаманынан ажырату мүмкіндіктерінің аздығы жақсы үдеріс емес. Осы мақсатта түрлі теріс бағыттағы діни ағымдар мен одан туындайтын өзге қылмыстардың алдын алу бойынша оларды зорлықтан сақтандыратын, кез келген дінге, оның өкілдеріне құрметпен қарап, оның тарихын зерделеулеріне ықпал етуші бағыттар таңдалуы керек. Сондай-ақ, отбасымен қатар білім беру жүйелерінің де рөлі күшейтілуі қажет деп есептейміз.

Атап көрсеткендей, жалпы экстремистік бағыттағы қылмыстар өз табиғаты бойынша қылмыскердің мәдени және білім деңгейімен байланысты. Сондықтан қылмыскердің жеке басын зерделеуде оның білім деңгейінің маңызы айрықша. Экстремистік бағыттағы қылмысы үшін сотталғандардың істерін қарастыру барысында орта білімі толық емес сотталғандар – жоқ, орта білімі бар сотталғандар – 40%, арнайы орта білімі барлар – 32%, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 20%, жоғары білімі барлар – 8% құрады. Осы эмпирикалық мәліметтер негізінде экстремистік бағыттағы қылмыскерлердің білім деңгейлерін қажетті деңгейде деп айта алаймыз. Сотталғандар арасында 30 жастан асқандар санатына енген қылмыскерлер қылмыстық топ ұйымдастырушылары мен жетекшілері болған тұлғалар, зерттеу материалдары бойынша олардың 88,2% жоғары білімдері және қалған 11,8% орта білімдері бар екендігі анықталды.

Қарастырылып отырған санаттағы қылмыскерлердің жоғары білім деңгейінің болуы экстремистік сипаттағы әрекеттер орындалуының күрделілігіне байланысты орындаушының даму деңгейінің жоғары болуын немесе оның психология, тарих, мәдениеттануды жақсы білуін және адамдарды айтқанына сендіре білу дағдысының болуын қажет ететіндігімен негізделетін болар деп топшылаймыз [47, с.215]. Діни экстремист тұлғаның жеке басын сипаттауда оның тұрақты күн көріс көзінің болу-болмауын зерделеудің маңызы зор. Сауалнама барысында діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғалардың 58,4% тұрақты кіріс көздерінің болмағандығына, 27,6% ұсақ кәсіпкерлікпен айналысып, 8,7% жұмыстан шығып қалған және тек 5,3% ғана сотталғанға дейін жұмыс істеп жатқан тұлғалар екендігі белгілі болды және олардың 93,6% біліктілігі төмен, ақшасы аз жұмыстарда істеген. «Діни экстремистік идеяны таратқаныңыз үшін жалақы алдыңыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 37% қоғамдық жұмыс ретінде қарағандығын, дегенмен қажетті жағдайда белгілі бір адамдардың әлеуметтік сұрақтарын шешуге көмектескендігін айтса, 39% қаржылық көмек берілгендігін жасырмады, 9% сол ұйымға мүше боламын деп өз қаражаты мен мүлкінен айрылып қалғандығын және 15% бір жаратушының разылығын алайын деген ниетте ғана болғандығын айтты. Қылмыскер жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, оның ұстанымдарының тереңдігі мен тұрақтылығын анықтау үшін қылмыстық қолсұғушылық генезисіне назар аудару қажет. Оған қоғамдық қауіпті мінез-құлқының негізгі нысандары, қылмыс жасауының кейбір жағдайлары, құқыққа қайшы әрекеттерінің қайталануы жатады. Бұл міндетті шешуге қылмыскер тұлғасы жасаған құқық бұзушылықтың қылмыстық құқықтық сипаттамасы көмектеседі. Кінәлілердің қоғамдық қауіптілік сипаттамасында олардың

қылмыстық әрекеттерінің уәжінің маңызы зор. Кез келген қылмысты жасау механизмі қылмыстық уәжді немесе индивидті қылмыстық мінез-құлық жасауға итермелеуші фактілерді анықтауды белгілейді. «Мінез-құлық уәжі – бұл адамның ішкі әрекет түрткісі, сыртқы орта мен нақты жағдайлар әсерімен пайда болатын әрекет, қажеттілік пен мүдделер, сезімдер мен адам қалауы» [85, с.61].

Зерделеген қылмыстық істерден мысал келтіретін болсақ, А.К. Машайықов есімді азамат 2012-2013 жж. Қарағанды қаласында жасырын жиындар өткізіп, онда «кәпірлермен» күресу үшін «қарулы жиһад» жасауды насихаттап, өз сөзінің дәлелі ретінде жиналғандарға интернеттен алынған террористік сипаттағы бейне роликтер таратқан. Осыны есепке ала отырып, А. Машайықовтың әрекеттерінде, сонымен қатар №4831 психологиялық-филологиялық сараптама қорытындысына сәйкес А. Машайықовтың Ж. Жахметовке 2013 жылғы сәуір айында берген дискісінде діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қасақана әрекеттер белгісі байқалған [86]. А. Машайықов бейнероликтердегі материалдарды негізге ала отырып, таныстарын дін үшін күресуге, «елімізді «кәпірлерден» азат етуге» шақырған. Сөйтіп, ол адамдар арасында діни алауыздық туғызу түріндегі қажеттілігін қанағаттандыра отырып, адамның қандай да бір әрекет жасауына түрткі болу және әрекет етуге қандай да бір тұлғалық ой беру, ой туындату ниеттерін жүзеге асырған. А. Машайықовтың адамдар арасында насихат жұмыстарын жүргізу уақытын және оның әсеріне қаншама адамның түскендігін әрине, анықтау мүмкін емес, дегенмен, бұл қылмыс түрінің қоғам үшін қауіптілігі де оның осындай өзіне тән ерекшелігінде. Қылмыстық істерге талдау жасай отыра діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғалардың 30,3% бұрын сотталған тұлғалар екендігі анықталды. Бұрын сотталған тұлғалардың 46,7% жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, 16,6% бұзақылық, 17,8% меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық және тек 18,9% экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін бұрын сотталғандықтары белгілі болды. Әртүрлі қылмыс жасаушы тұлғалардың экстремистік қылмыстар жасағаны үшін қайтадан қылмыстық жауапқа тартылуын жаза атқару мекемелерінде экстремизм идеяларының еркін таратылатындығымен байланыстырамыз. Жаза атқару мекемелерінің діни экстремистік идеяларды кеңінен тарату үшін таптырмас орын екенігін айта отырып, респонденттердің 23% ислам дінін (оның ішінде христиандықтан ислам дініне өткен азаматтар да бар) жаза атқару мекемесінде отырған кезден бастап бой ұрғандығын айтады. Сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша (қосымша В-ны қараңыз) діни экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың 22% сотталғанға дейін «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік партиясының мүшелері болған, 10% ИГИЛ мүшелері, 21% ваххабизм идеяларын ұстанған, 14% «Шығыс Түркістан исламдық партиясының» мүшелері, 9% «Исламдық Джихад» Одағын (Орта Азия моджахеттерінің жамағаты) жақтаушылар, 6% салафиттік бағыттағы террористік топ мүшелері, 4% заңсыз қаруланған жасақ қызметтеріне қатысқан, 5% «Джамаат такфир» діни-террористік топ мүшелері, 4% «Джамаат «Аль-Фараби» радикалды діни

топ мүшелері, 3% «Аль-Каеда» діни-экстремистік партия мүшелері, 2% «Накшбандия» діни ұйымының мүшелері болған.

Діни экстремистік бағытта қылмыс жасағандар арасында жүргізілген сауалнамадағы «Жасаған әрекеттеріңіздің құқыққа қайшы екендігін біліп, енді соған өкінесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі 62% жасаған әрекеттері үшін өкінбейтіндіктерін және сондай мүмкіндіктері болса, қайталап жасауға әзір екендіктерін көрсетеді. Сондай-ақ, олардың 78% өздерін экстремистік деп мойындамай, өз әрекеттерін ақтаушы дәлелдер келтіруі олардың діни экстремистік бағыттағы сенімдерінің тұрақты қалыптасқандығын көрсетеді. «Сіздің өзге дін өкілдеріне деген көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа респонденттердің 52% жағымсыз қарайтындықтарын білдірсе, 35% жауап беруден бас тартып, 13% толеранттылықпен қарайтындықтарын айтты. Респонденттердің өз діни наным-сенімдерін өзге діндерден жоғары қоюы (респонденттердің басым бөлігі ислам дінін ұстанушылар) республикамызда дін (діни ағымдар) мәселесі өзектілігінің жыл сайын өсіп жатқандығын көрсетеді.

Жалпы қылмыстық мінез-құлық туралы айтатын болсақ, құқықтық тыйымды бұзумен ұштасқан қоғамдық мүдделерге қолсұғушылық жасаумен байланысты кез келген қылмыстар – қылмыскердің қоғамды сыйламайтындығының көрсеткіші. Экстремистік мазмұндағы материалдарды қасақана тарату, ең алдымен, қылмыскердің өз қажеттіліктерін жүзеге асырудың осы түрін таңдауды дұрыс деп есептейтінін және оған сенімді екендігін көрсетеді [47].

Діни экстремист тұлғасының имандылық-психологиялық қасиеттерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ю.М. Антонянның пікірі бойынша: «Имандылық қасиет ерекшеліктері өмірлік жағдайды, мінез-құлық жолын, өмірлік мәселелерді шешу тәсілдерін, өзге адамдармен және кіші әлеуметтік топтарда қарым-қатынас жасау стереотипін таңдауды анықтайды [87, с.10].

Діни экстремист тұлғасының имандылық-психологиялық қасиеттерін ашу үшін біз жаза атқару мекемелерінде олардың жеке істерін зерделеуге баса назар аудардық. Экстремистік бағыттағы сотталғандардың психологиялық көңіл-күйлерін анықтау үшін (психодиагностика) олардың жеке істерінде тігілген жаза атқару мекемесінің психолог мамандары жүргізген психологиялық тестілердің нәтижелерімен таныстық. Сотталғандар келген бетте жүргізілетін «Люшер» тестісінің көмегімен адамның психикалық денсаулығының эмоциялық компонентін зерттеуге болады. Бұл мақсатта Люшердің түрлі-түсті тестілерінің қысқартылған «Сегіз түсті қатары» сынағы жүргізілген екен. Кейіннен жаза өтеу барысында «ТиД» (беймазальлық пен депрессиялық) әдісінің көмегімен экстремист сотталғандардың беймазальдылығы мен депрессиялық көңіл-күйі зерттелген. Сондай-ақ, олардың невропатизация және психопатизация деңгейін анықтауға арналған УНП (невропатизация және психопатизация деңгейі) сауалнамасы қолданылған. Олардың жеке істеріндегі психологиялық мінездемелерін зерделеу барысында экстремистік бағытта қылмыс жасаушы сотталғандарды «пайдакүнемдік мақсаттарда діни экстремистік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар, діни идеологияны ұстанушы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар және өмірден өз жолын

таба алмай жүрген өзін танытуға құштар тұлғалар» деп шартты түрде үш топқа бөлуге болады деп ойлаймыз. Бірінші топқа жататын сотталғандарға тән қасиеттер: прагматизм, жеке әлеует төмендігіне байланысты басқа табыс табу жолын білмеушілік, өзін ақылдымын деп санау, қиналмай көп пайдаға кенелуді мақсат тұту, ойлаған мақсаттарының жүзеге аспауына байланысты айналасындағы адамдарға сенбей, күмәнмен қараушылық [88-91]. Екінші топ өкілдеріне діни идеологияларына берік сотталғандарды жатқызамыз. Олар: бірбеткей, идеялы, еліктегіш, қиялдаушылық қасиеттің тым дамып кеткендігі, қиялдар мен армандарға берілгіштік, сезімтал, ортаға бейімделу қабілеттері төмен адамдар. Аға нұсқаушы-психолог тарапынан жасақ бастықтарына ұсыныс ретінде осы топтағы адамдардың мінез-құлықтарына назар аудару қажеттігі жазылған [92-94]. Ал үшінші топ өкілдеріне тән басты қасиеттер: көбіне эгоцентризмге ауысатын өзімшілдік, өз пікірін әрдайым дұрыс деп есептеу, кекшілдік, лидер болуға ұмтылу, ашуланшақтық [95-97]. Сотталғандардың психологиялық мінездемелерін зерделеу барысында Алматы облысы бойынша ҚАЖ департаментінің жаза атқару мекемесі психологтарының бұл мәселеге формальды түрде қарамайтындықтары байқалады. Әрбір мінездемемен таныса отырып, адамның ішкі әлемінің қайталанбас ерекшеліктерінің барлығына көз жеткіздік.

Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша тұлғаның нормадан ауытқуы жағдайында немесе қылмыстық мінез-құлық жағдайында бірінші кезекке мойындау, қауіпсіздік, беделін немесе мәртебесін сақтау, көтеру, лидерлік, басымдылық таныту және т.б. әлеуметтік қарым-қатынас жасау қажеттіліктері қойылады [87, с.101]. Осы қасиеттер біз қарастырған үшінші топ өкілдерін қылмыс жасауға итермелеуші факторлар деп пайымдаймыз. Экстремистік бағыттағы әрекеттерден қандай да бір қажеттіліктердің болуын анықтау қиын. Алайда, мұндай қиындықтар қажеттіліктің болмауынан емес, мұндай мінез-құлық психологиялық механизмінің күрделілігімен байланысты. Біз экстремизм генезисіндегі ең бастысы индивидтің өзін-өзі таныту қажеттілігі деп есептейміз. Әрине, бұл жерде «өзін-өзі таныту қажеттілігі неліктен өзге адамдар есебінен, зорлық көрсету немесе жағымсыз әлеуметтік зардаптарға ұшырату жолымен жүзеге асырылуы керек» деген заңды сұрақ туындайды. Көп жағдайда мұндай тектес белсенділік адамның ішкі дискомфорты, іште жиналып қалған психикалық күйзелісті сыртқа шығару, фрустрация қажеттілігімен түсіндіріледі. П.М. Якобсон: «Фрустрация бұл адамның өз жағдайына қанағаттанбауымен, жеке кемшіліктеріне байланысты тұрақты түрде күйзелуі» [98, с.84],—деп көрсетеді. Бұл жағдай субъектінің тұлға ретіндегі мәні мен құндылығының шынайы жетістіктер мен қоғамдық мойындалуы арасындағы алшақтықтың болуына негізделеді деп ойлаймыз.

Қызметте жетістікке қол жеткізбеуден туындаған психикалық күйзеліс жағдайы мазасыздық, қанағаттанбаушылық сезімдерімен сипатталады. Фрустрация кезінде осы жағдайға реакция ретінде агрессия, жауығу сезімдерінің күшейетіндігі байқалады. Жалпы мағынада агрессия күш көрсету, жеке адам немесе адамдар тобына қатысты күш қолдану қаупін білдіруі мүмкін. Агрессия жеке немесе ұжымдық сипатқа ие [99, с.11]. Әрине, мұндай жағдайда

адам өзін толық емес күйде сезініп, оның мотивтері терең, санасыз сипатқа ие болып, өз-өзіне сенімсіздік, қорқыныш, мазасыздық, өмірдегі өз орны үшін қорқыныш сезімдері баурайды.

Мазасыздық сезімінің жоғарылығы мен күйзелісінің тереңдігі сонша, ол адам өзін-өзі таныту үшін өзгелерді ысырып, тіптен бойындағы қауіп көзін жою, яғни өз психологиялық проблемаларын шешу үшін ең соңғы шараларға да барады [99, с.18]. Сөйтіп, оның белсенді әрекеттері ішкі психологиялық проблемаларын шешуге, өзіне деген қатынасын (өз-өзіне сенімсіздік, ішкі әлсіздік, өзіндік бағасының төмендігін) өзгертуге бағытталады. Өз әрекеттерінің мәнін жақсы түсінбегенмен оның нәтижесі субъектіні қанағаттандырып, психикалық күйзелістен шығарып, жоғалтқан ішкі рухани көңіл-күйінің қалпына келуіне ықпал етеді. Сотталғандармен, олардың жеке істерімен, психологиялық мінездемелерімен және олардың берген жауаптарын зерделей отырып, осы психологиялық сипаттамалардың бәрі діни экстремистік бағыттағы тұлғаларға тән құбылыс деп пайымдаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғандар негізінде біз экстремистік бағыттағы тұлғаларға тән жалпы қасиеттерге шартты түрде сипаттама беруге тырыстық. Енді жалпыдан жалқыға көшу арқылы біз қылмыскерлер типологиясын жасауға ауыссақ дейміз.

Типология – объектілер жүйесін мүшелейтін, жалпылама, идеалдандырылған модель немесе тип көмегімен топтастыратын ғылыми таным әдістерінің бірі [73, с.26]. Қылмыскер типологиясын жасаудың ғылыми-практикалық мәні зор, ол арқылы қылмыстық әрекет себептерін түсіндіруге тырысып, криминологиялық болжамдар жасап, ескерту шараларын жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие боламыз. Р.М. Узденовтің пікірі бойынша экстремист тұлғасын зерттеудегі проблема доктриналды деңгейде экстремизм түрлері санының көптігі және соның салдарынан адамды құқыққа қайшы экстремистік жолға итермелеуші себептердің сан қилылығы болып табылады [100, с.118]. Сондықтан экстремист-қылмыскер тұлғасын ашу үшін тек қана қылмыс уәжінің болуы аздық етеді деген пікірдеміз. Өз еңбегінде М.Ф. Мусаелян экстремист-қылмыскер тұлғасының төмендегідей типологиясын ұсынады: «а) қатардағы экстремист-орындаушы; б) экстремистік ұйым (топ) немесе экстремистік қауымдастық лидері (басшысы), в) идеолог-көсемнің (экстремист-идеологтың) жақын идеялық серіктері (жақтастары), г) идеолог-өсем (идеолог-экстремист)» [101, с.22-23]. Пікірімізше, автор бұл типологияны ұсыну арқылы экстремист қылмыскер тұлғасының мазмұндық мәнін ұсынбай, олардың экстремистік әрекеттердегі ролін ғана белгілейді. Ал, А.Д. Дарменов уәжге байланысты қылмыстық мінез-құлықты төмендегідей типтерге бөледі:

– импульсивті әрекет. Бұл жағдай зорлықшылдық эмоционалдық ұстамсыздыққа байланысты жағдайға деген тікелей реакция;

– діни жағымсыздық, дұшпандық қылмыстық мінез-құлықтың орталық мотиві мен негізгі мақсаты. Бұл жағдайда зорлықшылдық жеке тұлғаның жағдайға байланыссыз базалық, ішкі агрессиялық ұстанымы;

– экстремистік бағыттағы әрекеттер жасау қоғамдық қауіптілік салдарын бірден көтеретін топтық (ұйымдасқан) мотивация нәтижесі [47, с.150-153]. Бұл

автордың экстремистік бағыттағы қылмыскердің мінез-құлқын жоғарыдағыдай типтерге бөлуі жалпылама сипатқа ие.

Ал А.В. Петрянин нақты тұлғаның қалыптасуына және басым бөлігінде экстремистің спецификалық ерекшеліктерін анықтауға әсер ететін қылмыстық мінез-құлық мотивіне негізделген экстремист жеке тұлғасының типологиясын анықтау үшін экстремисті толық көлемде зерттеу мотивті-рөлді типология арқылы жүзеге асырылу мүмкіндігін айтып, оларды төмендегідей топтастырады: а) экстремист-лидер (идеолог); б) экстремист-орындаушы; в) экстремист-кек алушы; г) экстремист-альтруист. Автор типтердің әрқайсына анықтама беріп, осы типтер негізінде қылмыстық мінез-құлық мотивіне байланысты оларды а) діни, б) идеологиялық, в) саяси, г) нәсілдік, д) ұлттық деп топтастырады. Әрі қарай автор діни, нәсілдік және ұлттық экстремистердің ерекшелігі ретінде өзге дін, нәсіл немесе ұлт өкілі болып табылатын опоненттерге деген оларды толық жоюға дейін баратын жаратпаушылық нақты бір дінге, нәсіл мен ұлтқа деген ұстанымының болуы деп қарастырып, мұндай тұлғаларды ритуалдық адам өлтіру мен суицидалды актілер негізінде көрініс табатын фанатизмнің нақты белгілерін сипаттайды деп көрсетеді [58, с.360-363]. Біз жоғарыда авторлар ұсынған экстремист-қылмыскер типологиясы өзгертуге және толықтыруға болатын шартты түсініктер екендігін ескере және экстремистік қылмыстардың түрлі бағыт пен мазмұнда болатынын есте сақтай отырып, А.В. Петрянин ұсынған экстремисті толық көлемде зерттеу мотивті-рөлді типология арқылы жүзеге асырылады деген пікірге қосыламыз.

Ойымызды тұжырымдай келе, осы бөлімді жазу мақсатында пайдаланылған қылмыстық істерді, сотталғандардың жеке істері және сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама жауаптарын зерделеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Кез келген әлеуметтік құбылыс ретінде жалпы қылмыстылықтың оның ішінде діни экстремизмге байланысты қылмыстардың дамуына ықпал етуші ішкі және сыртқы себептер бар: Сыртқы себептерге жаһандану, геосаяси факторлары мен заңсыз көші-қонды жатқызамыз. Ішкі себептер ретінде елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы, қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендеуі, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер, рухани негіздердің өзгеруі, азаматтардың билік беделіне, заңға және өз қауіпсіздіктеріне деген сенімдерінің аздығы, азаматтардың діни сауаттылықтарының төмендігі мен адамдардың психологиялық денсаулық жағдайларын қарастырамыз.

Діни экстремистік бағыттағы қылмыс субъектілері – 14-30 жасқа дейінгі аралықтағы орта білімі бар және мәдени деңгейі төмен, тұрақты табыс көзі жоқ азаматтар. Қоғамдық мәні бар мүдделерінің болмауы және бос уақытының, күші мен энергиясының жеткілікті болуы оларды криминалды ортаға жетелейді.

Діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғаларды пайдакүнемдік мақсаттарда діни экстремистік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар мен діни идеологияны ұстанушы қылмыстық құқық бұзушылықтар

жасаушы тұлғалар және өмірден өз жолын таба алмай жүрген өзін танытуға құштар тұлғалар деп шартты түрде үш топқа бөлдік.

Діни экстремистік қылмыстар жасағаны үшін сотталғандардың басым бөлігін материалдық қамтамасыз етілу деңгейлері төмен адамдар құрайды, ал экстремизмді ұйымдастырушы адамдар көп жағдайда қандай да бір мақсаттары мен мүдделері бар қылмыстық жауапкершіліктен түрлі себептерге байланысты құтылып кетіп жататын ауқатты адамдар. Сондай-ақ, діни экстремистік ұйымдардың өзге мемлекет азаматтары тарапынан қаржыландыру мәселесі де жоққа шығарылмайды.

3.1 Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды жалпы ескерту

Діни экстремизммен күресу мемлекет деңгейінде, қоғамның әрбір мүшесінің қатысуымен, үлес қосуымен жүргізілетін кешенді шара. Күресу деген ұғымның ауқымы кең. Криминологияда қылмыстылықпен күрес деген баршаға түсінікті ұғым жиі кездеседі. А.И. Долгованың редакциялауымен шыққан криминология оқулығында: «Қылмыстылықпен күрес – заң мен ол қорғайтын мүдделердің, құндылықтар, мінез-құлық нормалары үстемдігін қамтамасыз ету мақсатындағы қоғам, қылмыстылықтың белсенді қақтығысы, қоғамның қылмыстылық, оның себептері мен жағдайларына деген мақсатты шабуылы» [206, с.338],– десе, Г.А. Аванесов: «Қылмыстылықпен күрес жүйесіне мыналар жатады: қылмыстылықты ашу, қылмыскерлерді іздеу, жаза тағайындау және орындау, осы қызметтерге прокурорлық қадағалау жасау, осы саладағы заңдылықты қамтамасыз ету, мұндай қылмыстылықтың алдын алу, болдырмау және ескерту» [56, с.335],– деп белгілейді.

Зерттеу жұмысында Г.А. Аванесовтың пікірін негізге ала отырып, қылмыстылықтың алдын алу, болдырмау, ескерту деген бір-біріне семантикалық жағынан ұқсас тіркестерді қылмыстылықпен күресу деген кең мағыналы тіркес аясында қарастырамыз. Қоғамымыздың әр мүшесі діни экстремизммен байланысты қылмыстармен күрес жүргізу үшін алдымен мұндай қылмыс түрін ескертуге жұмылулары қажет. Кез келген дертті емдегеннен де, оны асқындырмай алдын алып, ескерту шараларын жасаған абзал. Діни экстремизмге байланысты қылмыстар да жұққан дерттей болып, қоғам мүшелері арасында кеңінен таралып бара жатқан, шұғыл түрде алдын алу шараларын қажет ететін құбылыс.

А.А. Герцензон 1960 жылы «Қылмыстылықты ескерту» ұғымының мәнін «біріншіден, қылмыстылықты ескерту дегеніміз ең алдымен терең ойланып жасалған өзара байланысты шаралар жүйесінің жүзеге асырылуы; екіншіден, ол мемлекеттік, қоғамдық шаралардың өз ара үйлесімділікпен жүзеге асырылуы; үшіншіден, қылмыстылықты ескерту қажетті жағдайда мәжбүрлеу шараларымен үйлестіріліп, көмекші рөл атқаратын тәрбиелік, мәдени және экономикалық сипаттағы шаралардың жасалуы; төртіншіден, қылмыстылықты ескерту қылмыс жасауға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайларға белсенді әсер етуі; бесіншіден, қылмыстылықты ескерту құқықтық тәртіпті бұзбаса да қоғамдағы мораль мен нормаға қарама-қайшы келетін, қоғамдық назарсыз қалтырған жағдайда

қылмыс жасауы мүмкін тұлғалардың мінез-құлқына уақытылы көңіл бөлу; қылмыстылықты ескерту еліміздегі қылмыстылықтың толықтай жойылуына бағытталуы керек» [207, с.78-88],– деп түсіндірген. Анықтамадан қылмыстылықты ескерту шарасының әлеуметтік деңгейде мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық ұйымдардың қызметін қамтитынын көрсетеді. Сөйтіп, қылмыстылықты ескерту – түрлі қылмыстардың жасалуына ықпал етуші себептер мен жағдайлардың пайда болуына кедергі жасаушы үдеріс.

А.Б. Сахаровтың пікірі бойынша жасалатын іс-шаралардың бағыты қылмыстылықпен күрес, оны ескерту шаралары болмаған жағдайда, қылмыстылықты ескерту әлеуметтік деңгейде жүзеге асырылады; әлеуметтік-криминологиялық ескерту қылмыс жасауға ықпал етуші себептер мен жағдайларды жоюға бағытталады. Әлеуметтік деңгейдегі шаралардан өзінің бағыттылығымен, мақсаттылығымен ерекшеленіп, тек профилактикалық міндеттерден тұрады [208, с.82-86].

И. Айдаров, В. Попов топтастырудың түрін ұстанып, алдын алу шаралары жүйесін жалпы әлеуметтік, криминологиялық, жеке деңгейдегі деп бөледі. Олардың пікірінше «Жалпы әлеуметтік деңгейдегі шаралар қылмыстылықпен күресудің мақсаттарын алдына қоймай себептер, жағдайларға әсер етеді. Бұл шаралардың алуан түрлі, әмбебап сипаты болып, олар мемлекетіміздегі барлық мемлекеттік, мемлекеттік, қоғамдық, қоғамдық органдар қызметінің мазмұнын белгілейді. Әлеуметтік, криминологиялық деңгейдегі алдын алу шаралары қылмыстылықтың болуына ықпал етуші криминогенді әрекеттердің себептері мен жағдайларын шектеуге, бейтараптандыруға, жоюға тікелей бағытталған әлеуметтік шаралардың түрлері; олар мемлекеттік, мемлекеттік, қоғамдық, қоғамдық органдардың қылмыспен күресін жүзеге асырады» [209].

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31 Заңының 6-бабында [36] экстремизмнің алдын алу саласындағы мемлекеттік органдар мен олардың құзыреті белгіленген: 1) діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы аумағында құрылған діни бірлестіктер, миссионерлердің қызметіне зерделеу, талдау жүргізеді, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты мәселелерді қарайды, Қазақстан Республикасы экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзатын діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу туралы ұсыныстар енгізеді; 2) бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінде экстремизмді насихаттауға және ақтауға жол бермеу, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысында оларға мониторинг жүргізеді, мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелерінің жариялануын қамтамасыз етеді; 3) білім саласындағы орталық атқарушы орган білім беру ұйымдарында оқушылардың экстремизм идеяларын қабылдамауын,

халықаралық құқық пен ізгіліктің көпшілік таныған принциптерін құрметтеуін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік бағдарламалардың бекітілуін және іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу орындарының студенттер алмасу мәселелері бойынша халықаралық шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады; [36],—деп белгіленіп, экстремизмнің алдын алуға бағытталған субъектілер қатарында жалпы мемлекеттік, жалпы әлеуметтік шараларды жүзеге асырушы мемлекеттік органдар санамаланған.

Әлеуметтік деңгейдегі криминологиялық алдын алу шаралары қоғам, оның институттарындағы антикриминалды әлеуетті жүзеге асырады. Қоғамның позитивті, прогрессивті дамуы нәтижесінде, экономикалық, әлеуметтік басқа да басты міндеттерді шешу барысында криминологиялық детерминанттарға бағытталмаған әсер ету жолымен жүзеге асырылып, нәтижесінде жолай қылмыстылықты қоректендіріп, болдырушы қарама-қайшылықтар жойылып, шектеліп, оқшауланып, антикриминалды мақсаттар шешіледі [210, с.26]. Бүкіл әлемдік кезек күттірмес мәселеге айналған экстремизм, терроризмнің алдын алу мақсатында қазір республикамызда көптеген мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында діни экстремизм, терроризм мәселесіне қарсы әрекетте құрылымды шаралардың бірі заңнамаларды жетілдіру, яғни: «Біз діни радикализм, экстремизм көріністерін жою мақсатында заңдарымызды жетілдіруіміз қажет. Сонымен қатар, антитеррорлық заңнаманы жетілдіруіміз қажет. Мемлекет экстремизм, радикализмнің жолын бөгеуі тиіс» [1],— деп баса айтқан болатын. Елбасы Президент Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметіне төмендегідей тапсырмалар берді: діни радикализм, экстремизмді бейтараптандыру мақсатында, терроризмге қарсы тұру заңнамасын да жетілдіру арқылы радикализм, экстремизмнің жолын кесу; әлеуметтік, этникалық, діни қысымдар, шиеленістерді болдырмау механизмдерінің жаңа сенімді формаларын қалыптастыру; қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту; әлемдік, дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды пайдаланып, осы сұхбат шеңберінде діни бағыттағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасау; діни, этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті онан да ауқымды деңгейде ара ағайындық жасауға әзір болу; мемлекетіміздің зайырлы келбеті Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты екенін естен шығармау [1].

2013 жылғы 24 қыркүйекте ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы 2013-2017 жылдарға арналған Діни экстремизм, терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама бекітілді [2]. Мемлекеттік бағдарлама діни экстремизм көріністерінің алдын алу, терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағыттанып, төмендегідей міндеттер қатарын қамтыды: қоғамда тағатты діни ойды, радикалдық идеологияға деген иммунитетті

калыптастыруға бағытталған діни экстремизм, терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру; діни экстремизм, терроризмнің көріністерін, мемлекеттік, құқық қорғау органдары қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру; экстремистік, террористік әрекеттердің салдарларын азайту, жою шараларының жүйесін жетілдіру. Бес жылдық мерзімге жасалған бағдарламаны әзірлеуде РК, Ұлыбритания, Түркия, Израиль, АҚШ, Сауд Арабиясы сияқты мемлекеттердің оң тәжірибесі талданып, ескерілген. Бағдарламаның діни экстремизм, терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзекті міндеттер, орын алған проблемаларды шешуде нормативтік-ұйымдастырушылық негіз болып табылатындығы баса айтылып, халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, трансұлттық есірткі бизнесіне, заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылған. Бағдарламада терроризммен қатар жалпы экстремизм деп емес, діни экстремизм деп бөліп қарастырылуының өзі біздің мемлекетіміз үшін экстремизмнің өзге түрлерімен салыстырғанда діни экстремизм қаупінің жоғары екендігін тағы да бір анықтап берді [2].

Қазір Қазақстандық қоғамның дінге байланысты тыныс-тіршілігі, қызметі 2011 жылғы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасы «Діни қызмет пен бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Заң – еліміздегі дін мәселесіне қатысты қарама-қайшылық туғызып жатқан мәселелерді ретке келтіріп, белгілі бір жүйеге бағындырған нормативтік құжат.

Діни ұйымның уәкілеттігі заңның 4-бабында көрсетілген: 1) діни бірлестіктермен өз ара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға, іске асыруға қатысады; 1-1) республикадағы діни ахуалды зерделеуді және талдауды жүргізеді; 2) Қазақстан Республикасы аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді; 3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; 4) діни қызмет саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады; 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады; 6) дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді; 7) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады, жүзеге асырады; 8) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауды келіседі; 9) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді; 10) өз құзыреті шегінде діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді; 10-1) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекітеді; 11) діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды

тарату үшін тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді; 12) Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы Заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды; 13) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы Заңнамасын бұзатын жеке, заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді; 14) Заңда Қазақстан Республикасы өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді [211] жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі №322 Жарлығымен құрылған Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі болып табылады. Елбасы Жарлығының мазмұнына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен – діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы салаларындағы және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен – жастар саясаты саласындағы функциялары мен өкілеттіктері беріле отырып, құрылған мемлекеттік орган.

Ол республикамыздағы Ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандық дін саласы қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және жалпы дін қызметіне республикалық деңгейде бақылау жасайды. Еліміздің әр облыс орталықтарында және Астана, Алматы қалаларында әкімдіктерге қарасты аймақтық дін істері басқармалары облыстардағы діни ахуалды зерттеп, талдау жасап, діни қызмет саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады, тұрғындардың діни сауатын көтеріп, конфессияаралық келісім, тағаттылықты нығайту, діни экстремизм профилактикасы мәселелері бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмысын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» №483-IV Заңының 5-бабында: «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша: 1) өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді; 1-1) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді; 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы Заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді; 3) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; 4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы Заңнамасын бұзатын жеке, заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді; 5) Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы Заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке, заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды; 6) өз құзыретіне жататын мәселелерін

жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді; 7) діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге үй-жайлардың орналастырылуын келіседі; 8) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу туралы шешім қабылдайды; 9) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді; 10) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді; 11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасы Заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [212]. Ал, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31 Заңының 6-бабының 6-тармағында жоғарыда белгілеп өткендей «облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың жергілікті атқарушы органдары қоғамдық бірлестіктермен өз ара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті аумақтарда құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкін жасайды, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, өңірдегі діни ахуалға зерделеу мен талдау жүргізеді» [36], – деп көрсетілген. Алайда, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы №148 Заңында [212] екі заң нормаларының мүлдем көрініс таппауын діни экстремизмге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімділігінің төмендеуіне ықпал етуші фактор деп санай отырып, заңдарды өзара үйлесімділікке келтіру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет, діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жеке бап түрінде Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару, өзін-өзі басқару туралы Заңына енгізілуі қажет деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы №72 қаулысы негізінде «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» (мұнан әрі Орталық) мемлекеттік мекемесі құрылды.

Бұл мекеме қызметінің негізгі мәні – Қазақстандағы діни ахуалдың даму үдерістерін зерттеу мен талдау, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, азаматтардың мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы қызметін ақпараттық-талдамалық, ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету, дінтану сараптамасын жүргізу [213].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы №785 Қаулысы негізінде «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы» құрылды. Мекеме қызметінің негізгі мәні – Қазақстан Республикасы конфессияаралық келісімді және Қазақстан халқының бірлігін халықаралық деңгейде нығайту жөніндегі бірегей тәжірибесін насихаттау, мәдениетаралық және конфессияаралық диалогтың халықаралық орталықтарының бірі ретінде

Қазақстанның рөлін жаңа деңгейге ілгерілетуге жәрдемдесу, халықтың рухани жақындасуына бағытталған халықаралық ауқымдағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, мәдени және діни келісімді нығайту, мәдениет және дін саласындағы қатынастарды үйлестірудің халықаралық тәжірибесін зерделеу және қолдану, халықаралық мәдени және діни орталықтардың мемлекеттік органдармен және Қазақстанның азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып белгіленген [214].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес діни ахуалды зерттеп, талдау жүргізетін және ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган. Кеңестің мақсаты діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және іске асыру, қоғамдағы діни келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу, міндеттері: елдегі діни жағдайды, оның даму ағымдарын жан-жақты әділ зерттеу, жинақтап қорыту және талдау; діни қызмет, діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу; Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарын республикадағы діни ахуалдың жай-күйі, Қазақстан Республикасы діни қызмет, діни бірлестіктер туралы заңнамасының сақталуы туралы хабардар ету; діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі аймақтық кеңестер жұмысын үйлестіру; діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту, оларға Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес консультативтік көмек көрсету.

Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай қызметтерді жүзеге асырады: діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысады; Қазақстан Республикасы діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлейді; діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша консультативтік жұмыс жүргізеді; шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оны жолға қояды [215]. Мұндай орган облыстық деңгейде қызмет атқарады.

Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері Комитеті (мұнан әрі – Дін істері Комитеті) жанынан құрылған Қазақстандағы діни ахуал мәселелері жөніндегі консультациялық-сараптамалық кеңесі консультативтік-сараптамалық орган. Ол төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады: діни қызметке байланысты мемлекеттік реттеу жұмысын жүзеге асыру мәселесі мен діни қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; діни ахуалды зерделеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында шетел сарапшыларымен, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет етеді. Кеңес құрамы дінтану, саясаттану, әлеуметтану, философия,

мәдениеттану, құқықтану саласындағы жетекші мамандар мен ғалымдардан, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен тұрады [216].

Осы ұйым мен «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық Орталығы» мемлекеттік мекемесі арасында қызметтік өкілеттіліктерінің өзара қосарлану үдерісінің бар екендігін көреміз.

Дін істері комитеті жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыстар кеңесі жұмыс істейді. Кеңестің мақсаты: дін және діни сенім бостандығы саласындағы, атап айтқанда, үйлесімді конфессияаралық қарым-қатынасты, толерантты ойды, қоғамдық бейбітшілік пен келісімді дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін мемлекеттік емес секторды және азаматтық қоғам институттарын тарту. Кеңес азаматтық секторды қамтитын 40-тан астам ҮЕҰ-ны біріктіреді, оның ішінде 28 ҮЕҰ діни қатынас саласы бойынша қызметтер көрсетумен тікелей айналысады. Бұл ұйым мен «Дін істері комитеті жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыстар Кеңесінің» өте ұқсас қызметтік міндеттерді атқаруына байланысты олардың қызметтерін біріктіру жолымен оңтайландыру, бюджет қаражатын үнемдеуге көмектескен болар еді және қызметкерлерді формальды жұмыс істеу ыңғайынан арылтып, жұмыс сапасының артуына көмектесер еді.

Қазақстанның барлық облыстарында деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсететін 22 орталық жұмыс атқарып жатыр. Республикалық жәрдем беру орталығы қауымдастығына 13 орталық кіреді. Олар сол жерде үнемі бас қосып, тәжірибе алмасып, мамандардың біліктіліктерін жетілдірумен айналысады [217, с.28-29].

Барлық облыстар мен қалалар бойынша республикалық көлемде қызмет етіп жатқан АНТ (ақпараттық-насихат топтарының) қызметіне тоқталуға болады. Оның құрамына дін саласының білікті мамандары, дінтанушы ғалымдар, теологтар, дін саласы мәселелерімен айналысатын мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, құрметті ақсақалдар, еңбек ардагерлері, үкіметтік емес ұйымдар, дәстүрлі діндер, бұқаралық ақпарат құралдарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Этномәдени бірлестіктер өкілдері енгізілген.

Дін істері комитетінің төрағасы Ғ. Шойкиннің айтуы бойынша бүгін бүкіл ел көлемінде қызмет атқарып отырған 708 ақпараттық-насихат беретін топтарға 4167 адам тартылып отыр [218].

2013 жылдан бастап республикалық деңгейде адамдарға ақпараттық көмек көрсету бағытындағы ақпараттық-кеңесшілік орталықтың (мұнан әрі АКО) жұмыс жасап жатыр. 2014-2015 жж. бірінші тоқсанында АКО-ға 1000 адам жүгінген. Алматы, кейін Астана, ОҚО, ШҚО, Қостанай облыстары көш басында. Осы тұрғыдан Ю. Денисенко: «Батыс Қазақстан аймақтарына кеңес беру емес, оларды сауықтыру қажет», - дейді. Оның пікірінше, бұл Орталық посткеңестік кеңістіктегі ТМД мемлекеттерінің бірінде жоқ бірегей ұйым. АКО теологтары, заңгерлері мен психологтары тегін кеңестер береді. Олардың жүктемелері үлкен, көп жағдайда, орталық қызметкерлері көмек сұрап келгендермен қатар, олардың отбасылары мен араласатын адамдарына

да кеңестер береді. Спикердің айтуы бойынша, Қазақстанда деструктивті культтік әрекеттердің алдын алу мәселесімен айналысушы 20 аймақтық орталықтар бар, АКО жұмыс істеу аралығында жүзден астам адамдар құқық қорғау органдарына жіберіліп, олардың төртеуі бойынша қылмыстық істер қозғалған. АКО стационарлық телефон бойынша да кеңес алуға болады [219].

Экстремизм көріністерінің алдын алуда бұқаралық-ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Олардың мазмұндылығы, сапалылығы ешкімнің көңілінде талас тудырмайды. Мемлекетімізде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңымен реттеледі. Аталмыш заңның 2-бабының 3-тармағында: «Экстремизм, терроризмді насихаттауға және ақтауға жол берілмейді...» [220], –деп; 13-бабының 3-тармағында: «Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық, рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу заңда белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады» [220], – деп белгіленген. Бұл жалпы алғанда Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағының мазмұнына толық жауап береді.

Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабына [36] сәйкес экстремизмнің алдын алу бойынша өкілетті органдардың тағы бірі–білім беру орындары. Білім беру орындарында оқитын контингенттер: оқушылар, студенттер. Кез келген білім беру ошағының басты міндеті – жастарға, жеткіншектерге сапалы білім беру және оның ажырамас компоненті: тәрбие беру мәселесі. Ресми деректер бойынша қазір республика көлемінде жоғары, арнайы оқу орындарында оқитын студенттердің жалпы саны 5 млн.

Жастар мемлекет болашағы болғандықтан еліміз әрбір жас азаматтың теріс жолға түсіп кетпей өз ұлтына ұлықты, қоғамға қажет, білікті маман, білімді азамат, отбасы институтының ұйытқысы болуына мүдделі. Қазіргі таңда 14-29 жас аралығындағы азаматтардың дәстүрлі емес бағыттағы діни ағымдарға жиі тартылу жағдайы жастар мәселесіне айрықша көңіл бөлуді қажет етеді. Сондықтан мемлекетіміздің жастарға қатысты саясаты қоғамдық өміріміздің маңызды бағыты.

Жастар саясаты саласындағы тұңғыш Заң республиканың Тәуелсіздігі қарсаңында 1991 жылғы 28 маусымында әзірленген. Бұл – «Қазақ КСР мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. 1999 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды. 2004 жылғы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң қабылданып, жастар саясатының мақсатын, міндеттерін, бағыттарын, жастардың әлеуметтік, саяси құқықтарын, жас азаматтарды мемлекеттік қолдаудың тетіктерін айқындады.

Елбасының тапсырмасымен 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құрылды.

Кеңестің негізгі міндеттері мыналар: жастарға қатысты кешенді мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын анықтау, оны қалыптастыру, іске асыру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау; мемлекет саясаттың жастарға байланысты өзге де маңызды мәселелерін талқылау, Қазақстан Республикасы Президентін жастар арасындағы ахуал туралы хабардар етіп отыру, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігіне талдау жасау, мемлекет саясатының жастарға байланысты маңызды сұрақтарын талқылау.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 27 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында жүктелген тапсырмасына сәйкес 2013 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанынан «Жастар» ҒЗО құру туралы Қаулысы қабылданды.

2013 жылғы ақпанда елдегі жастар саясатын дамытудың басты бағыттарын анықтайтын жаңа «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылғы дейінгі Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдаманың негізгі бағыттарының бірі ретінде «Жастар арасындағы радикализм қаупіне» ерекше мән берілген: «Өмірлік тәжірибесі мен білімі жоқ жастар өзінің саяси мақсаттарын іске асыру үшін жастарды айналдыратын сыртқы және ішкі ыдыратушы күштердің ықпалында қалу қаупіне ұшырайды. Экстремистік көзқарастар мен идеялардың жастар арасына енуі, жастарды құқыққа қарсы әрекеттерге итермелеу қоғамдағы этносаралық, мәдениетаралық және конфессияаралық келісімдерді бұзу қаупін туғызады» [221].

2015 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясаты туралы № 285-V Заңы қабылданды [222]. Осы заңның 14-бабы діни қызмет саласындағы уәкілетті органның құзыретіне арналған. Бұл орган: 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады; 2) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту бойынша түсіндіру жұмысын жүзеге асырады; 3) жастар ұйымдарымен конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады; 4) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни тағаттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады; 5) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [222]. Осы заңда мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуын талдауды және оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын жыл сайынғы есебінен тұратын «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасын жыл сайын Елбасына енгізіп тұру жайлы белгіленген.

«Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасы – республика деңгейінде барлық жастардың тыныс-тіршілігінен хабардар болуға мүмкіндік беретін, олардың өміріндегі маңызды сәттерді статистика түрінде көрсететін, қолданыста қолайлы, әрі тиімді, танымдық-ақпараттық маңызы бар құжат. 2014 жыл бойынша ұлттық баяндама есебінде жастар арасында жасалатын

қылмыстылық туралы төмендегідей мәліметтер келтірілген: «2014 жылғы бірінші жарты жылдығында 21-29 жас аралығындағы жастармен жасалған экстремистік және лаңкестік сипаттағы 33 қылмыс тіркелді. Еліміздің 150 астам азаматы Сириядағы әскери қақтығысқа қаруланған исламшыл құрылымдардың жағында қатысқаны Қазақстан Республикасы аумағында экстремистік құрылымдардың қызмет етуінің бір көрінісі болып табылады» [64].

Қазіргі таңда жастарды түрлі діни ағымдардың кері әсерінен сақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арасында «Діни қызмет саласындағы әрекеттестік туралы» меморандумға қол қойылып, жастар арасында экстремизм мен терроризмді ескерту бағытында жұмыстар жалғасуда.

Жастар арасындағы дін, діни ағымар мәселесіне қатысты ой-пікірлері, жалпы олардың арасындағы дінге қатысты ахуалды білу мақсатында Павлодар қаласының Инновациялық Еуразия университеті студенттері арасында (заң, филология, психология факультеттерінің 143 студенті) сауалнама жүргіздік (В қосымшасын қараңыз). Олар 19-23 жас арасындағы жастар, 57% – қыздар, 43% – жігіттер. «Қандай дінді (діни ағымды) ұстанасыз?» деген сұраққа қатысушылардың 61% – «дәстүрлі дінді» деп жауап берсе, 20% – өздерін православ, 9% – салафитпіз, 3% – протестант, 7% – «исламның басқа бағыты» деп жауап берген. «Сіз өз дүниетанымыңызды қалыптастыру үшін қандай ақпарат көздерінен білім алдыңыз?» деген сауалға 11% – достарымнан, 7% – дінге сенуші ағайындарымнан, 8% – рухани ұстазымнан, 42% – интернет желісінен, 10% – баспалық БАҚ, 15% – діни әдебиеттен, 7% – ата-ана, туыстарымнан деген жауаптарынан ең көп ақпаратты жастар интернет желілерінен алатынын айқын аңғарамыз. «Жастардың дінге сенуінің негізгі себебі қандай деп ойлайсыз?» деген сауалға 21% – ертеңгі күнге деген сенімнің аздығы десе, 15% – рухани сүйенішті табуға ұмтылу, 35% – өмір жағдайының қиындығы, 7% – ерекшелікке талпыну, 10% – ресми билік органдарына сенімнің төмендеуі, 12% – заңның күші мен әділдігіне деген сенімнің жоғалуы деп көрсетеді. Демек, жастарды дінге тартушы басты мотивация өмір жағдайының қиындығы мен ертеңгі күнге деген сенімнің аздығы деп айтуға болады. «Сіздің пікіріңізше, діни экстремизм дегеніміз не?» деген сұраққа 19% – мақсатқа жету үшін күш қолдану, 30% – басқа көзқарастағыларға төзімсіздік көрсету, 23% – билікпен келіспейтіндердің саяси күресінің нысаны, 14% – діни мүдделерді қорғау тәсілі, 13% – теократиялық билік орнатуға ұмтылу деп көрсетеді. Яғни, олардың басым бөлігінің пікірлері бойынша діни экстремизм – басқа көзқарастағыларға төзімсіздік көрсету және билікпен келіспейтіндердің саяси күресінің нысаны. «Сіздің экстремистік бірлестіктер мен топтарға деген көзқарасыңыз қандай?» деген сауалдың жауаптары да бір мәнді еместігін байқауға болады. Респонденттердің 23% – олардың кейбір істерін қолдаймын десе, 8% – өзім солардың қатарына кіруші едім, 11% – ол туралы мүлдем ойланып көрмеппін, 58% – олардың қызметіне тыйым салу

кажет деп жауап берген. Мұндағы қуанарлық жайт студенттердің басым бөлігінің діни ағымдарға қатысты теріс пікірді ұстануы. «Облыстарыңыз бойынша сіздерге келіп, діни экстремизм, терроризм жайлы іс-шара өткізген қандай ұйымдарды білесіз?» деген сауалға 24% – дін істері басқармасын, 10% – кофессияаралық қатынастарға талдау жасау және дамыту орталығын айтса, 30% – «Адал» жастар қоғамдық бірлестігін, 10% – қалалық әкімдікті, 12% – университеттің өз күшімен десе, қалған 7% – қай ұйымның өткізгені есімде жоқ, әйтеуір өткізіліп тұрады дегенді нұсқайды, ал 7% – ондай шараларға мүлдем қатыспағандықтарын айтады. Бұдан студенттердің қажетті бағыт бойынша ақпараттандырылу деңгейлерінің әртүрлі екендігін байқауға болады, дегенмен «Адал» жастар қоғамдық бірлестігінің жұмыс белсенділігінің алда келе жатқандығын байқаймыз. «Сіз мемлекеттің дін саласында жүргізіп отырған саясатын қалай бағалар едіңіз?» деген сауалдың жауаптары да әрқилы. Респонденттердің 35% – жағымды бағаласа, 17 – оң бағалайтын сияқтымын деп жауап берген, 21% – теріс бағалап, оны респонденттердің басым бөлігі діни сенімге шектеу жасаушылықпен байланыстырса, қалған 27% – ол туралы ойланып көрмегендіктерін білдірген. Қорытындылай келе, студент жастардың қоғамымыздың ең қарқынды, жігерлі, талапты, жаңашыл әрі жан-жақты хабардар бөлігі екендігін ескере отырып, сондай-ақ сауалнамада берген жауаптары негізінде олардың басым бөлігін дінге жақын жастар деп қорытынды жасауға болады. Олардың 48% – мемлекеттің діни экстремизм көріністерімен күресуге қатысты саясаттарын дұрыс бағаламауы, өкінішке қарай олармен осы бағытта жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыс сапасының төмендігін және ұлттық идеология мәселесіне айрықша мән беру қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, діни экстремизм, терроризмге қатысты алдын алу шараларын атқарып жатқан ұйым ретінде «Адал» жастар қоғамдық бірлестігін, дін істері басқармасын атаулары да аталмыш ұйымның қалыпты деңгейде жұмыс атқаратындығын көрсетеді. Ал олардың дәстүрлі ислам дінін қолдап, басқа діни ағымдар туралы жалпы хабардар болғандығы жағымды жайт. Сонымен, жалпылай алғанда олар тарапынан жалған мәліметтер берілмеген жағдайда өз мемлекетімізде білім алып жатқан студенттер арасындағы діни ахуал қанағаттандырарлық деңгейде екендігін, жалпы діни экстремизм туралы түсініктерінің барлығын анықтадық.

Шетелдерде оқып жатқан немесе оқып келген жастарымызға келер болсақ, бұрынғы Дін істері агенттігінің мәлімдеуі бойынша қазіргі таңда Египетте 200-ден астам Қазақстандық білім алуда, барлық араб елдерінде діни білім алушы Қазақстан азаматтарының саны – 392, олардың 59-ы Сауд Аравияларында, 60-тан астамы Пәкістанда. Олар діни білімді Қазақстанда экстремистік деп танылып, тыйым салынған «Таблиғи жамағат» діни ағымы бойынша алған. Құқық қорғау органдарының мәлімдеуі бойынша Жамбыл облысының Пәкістан, Малайзия мен Бангладеш ЖОО-да оқыған 52 тұрғынының 41-і осы ұйымның мүшелері болып шықты [223]. Қоғам ортасына оның мүшелерінің ойын улау үшін сынамалап кірген діни ағымдардармен қатар басқа елдерден діни сауатын ашып немесе жетілдіріп

келіп жатқан азаматтар да өз «үлестерін» қосуда. Бұл турасында кезінде Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Соңғы кездері Пәкістан, Египет сынды көптеген мемлекеттерге барып діни сауат ашушылар көбейіп кетті. Бұл жақсы үрдіс емес. Қазіргі уақытта түрлі ағымдар, ұйымдар бар. Дінімізді солардың ықпалынан таза сақтау үшін ерекше білімді, елін сүйетін отандық дін мамандары қажет. Алайда біздегі көптеген жастар шетелдерде әдетте өзге масхабпен білім алып келіп жатады. Мен өз басым шетелде діни сауат ашуға сақтықпен қараймын. Сондықтан біздің елімізге осындай білім ордалары аса қажет» [224], – деген болатын. Қазір діни білім беретін оқу ордалары елімізде мүлдем жоқ деп айта алмаймыз, сөзімізге дін істері Комитеті төрағасының берген мәліметтері дәлел: «Дінтанудың даму тарихы өз бастауын 1992 жылы. Х.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Дін және еркін ойлау» мамандығы ашылған кезден алады. Бүгінгі таңда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің дінтану кафедрасында, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің дінтану және философия ғылымдары факультетінде, Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасында, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасында, Х.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің дінтану және теология кафедрасында, Шет тілдер және Іскерлік карьера университетінің дінтану кафедрасында дінтану бакалаврларын дайындайды. Мұнан бөлек барлық басқа ЖОО «Дінтану» мамандығы бойынша магистратура және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде «Дінтану» мамандығы бойынша PhD докторларын дайындайды. Жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Дінтану» мамандығы бойынша 65 мемлекеттік грант бөлсе, 2013-2014 оқу жылдарында білім гранттар саны 77-ге дейін өскен. Кейбір оқу орындары өз гранттарын беру арқылы дінтанушылардың біраз бөлігін тегін білім берумен қамтамасыз етеді» [224].

Сондықтан, дінтанушы маман жастарымыз шетелге тек жоғары білім алып, оң-солын таныған соң, өз мемлекетімізде сол бағыт бойынша терең білім алу мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе тәжірибе алмасу мақсатында ғана барғандары дұрыс деп санайтын кейбір ғалымдардың пікірлерін дұрыс деп санаймыз.

Қазір еліміздің ЖОО мен орта мектептердің білім беру бағдарламалары жүйесіне «Дінтану негіздері», «Дінтану» пәндерінің қосылғанын айта кеткен жөн. 2009 жылдан бастап орта білім беру мекемелерінің 9-сынып оқушыларына таңдау бойынша «Дінтану негіздерінен» курс оқытылады. Аталған курстардың енгізілуі дін мәселелері бойынша жастармен жүйелі ағартушылық жұмыстарды жүргізуге, олардың бойында кереғар діни ағымдардың теріс идеологиясына қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастыруға бағытталған. Осы курстарды оқыту жастардың өмір сүріп отырған діни сенімдер мен мемлекеттің зайырлы қағидаттары туралы ғылыми түсініктерін қалыптатыруға бағытталған [225, б.35]. Жақында

оқулық, оқу құралы мен хрестоматиядан құралған «Зайырлылық және дінтану негіздері» жаңа оқу-әдістемелік кешені әзірленді. Аталған кешенді алдағы 2015-2016 оқу жылында еліміздің 8 мектебінде апробациядан өткізу жоспарланған [225, б.383].

Бөлім бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалады:

Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы «Діни қызмет, діни бірлестіктер туралы» Заңдарының жергілікті мемлекеттік басқару органдары өкілеттігіне қатысты нормаларының Қазақстан Республикасы «Жергілікті мемлекеттік басқару, өзін-өзі басқару» Заңында мүлдем көрініс таппауы түріндегі ақаулық діни экстремизм көріністерінің алдын алу тиімділігінің төмендеуіне ықпал етуші фактор деп санаймыз. Сондықтан, заңдарды өзара үйлесімділікке келтіру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет, діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жеке бап түрінде Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару, өзін-өзі басқару» туралы Заңына енгізілуі қажет.

Мемлекетімізде діни экстремизммен жалпы мемлекеттік деңгейде күресуге бағытталған қомақты нормативтік-құқықтық Заңнама қалыптасқан. Мемлекеттік мекемелер қызметін зерделеу нәтижесінде осы бағытта жұмыс істеп жатқан мемлекеттік мекемелердің аз еместігі, олардың кейбірінің қызметтері қайталанатындығын байқадық. Сондықтан, «экстремизмді ескерту жүйесіндегі профилактикалық қызметтердің қосарлануын жою мақсатында зерттеліп отырған феномен мазмұны мен көрініс табу көлеміне байланысты экстремизммен күресуші субъектілердің негізгі қызметтерін топтастыру ұсынылады. Мұндай жүйелеу жалпы ескерту жүйесін жетілдіру бойынша әзірлемелер мен ұсыныстар жасау үшін, нақтылық пен пәндік бағыттылыққа ие болуына байланысты нәтижелі болмақ» [47, с.262].

Діни экстремистік ұйымдарға мүше азаматтардың денін 14-30 жас аралығындағы жастардың құрауына байланысты қазір мемлекет тарапынан жастар саясаты мәселесіне ерекше назар аударылып, мемлекеттік деңгейде түрлі нормативтік актілер қабылдануы жақсы бастама. Қабылданған құжаттар санына емес, оның іс жүзінде жүзеге асырылуы сияқты сапалық қасиетіне ерекше көңіл аудару қажет. Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері олардың 48% мемлекеттің діни экстремизм көріністерімен күресуге қатысты саясаттарын дұрыс бағаламауы – олармен осы бағытта жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыс сапасының төмендігін көрсетеді. Қазір жастар арасында ұлттық идеологияға аса қатты мән беру – діни экстремизмнің алдын алудың ең тиімді құралы.

Кезінде шет мемлекеттерден діни бағытта іргелі білім алуға кеткен қазақ жастарының түрлі діни ағымдар ықпалына түсіп кеткені ешкімге құпия емес. Статистикалық мәліметтер негізінде қазір республикамызда қазақ жастарының дін бойынша сапалы білім алуларына жақсы мүмкіндіктер жасалып жатыр, сондықтан жастарымыз шетелге тек жоғары білім алып, оң-солын таныған соң, өз мемлекетімізде сол бағыт бойынша терең білім алу

мүмкіндігі болмаған жағдайда немесе тәжірибе алмасу мақсатында ғана барғандары дұрыс деп санайтын бірқатар ғалымдардың пікірлеріне қосыламыз.

2-тарау. ПО-ның Діни бірлестіктермен діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылының ұйымдастыру-құқықтық негіздері

2.1. Ішкі істер органдары мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимыл ұғымы мен мазмұны

Экстремизмге, оның ішінде діни экстремизм сияқты оның түріне тиімді қарсы іс-қимылдың маңызды шарты осы қызметке қатысатын тиісті субъектілердің өзара іс-қимылын алдын ала ұйымдастыру болып табылады. Экстремистік қызметтің әртүрлі көріністеріне қарсы тұру құқық қорғау органдарының да, қоғамдық бірлестіктердің де, соның ішінде діни бірлестіктердің де тең дәрежеде міндеті болып табылады.

Ерекше практикалық маңыздылығына қарамастан, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында ішкі істер органдарының діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру мәселелері дербес монографиялық ғылыми зерттеулердің мәні болған жоқ, бірақ, әрине, осыны талап етеді. Біздің ойымызша, өзара іс-қимылдың мәнін қарастыру "ұйым" және "басқару" ұғымдарын түсінбестен мүмкін емес. Ең алдымен, зерттелетін мәселелердің мәнін нақты және анық түсіну үшін қажетті категориялық аппаратты нақтылауды және негіздеуді талап етеді.

"Ұйымдастыру" ұғымы көпөлшемді. Бұл термин қандай да бір объектіні және оның ішкі құрылысын белгілеу үшін қолданылуы мүмкін немесе белгілі бір процесті, іс-қимылдар кешенін немесе іс-шараларды білдіреді.

Бүгінгі күні әдебиетте "ұйымның" мәніне көптеген көзқарастар бар. Олардың кейбіреулерін қарастыру орынды. Энциклопедиялық басылымдарда ұйым деп "дұрыс құрылғыға ие, бөлшектер мен бүтіннің орынды арақатынасы" немесе ерекше жүйелік тәртіп", сондай-ақ "тұтас құрылымға сәйкес жүйенің жекелеген элементтері мен бөліктерінің өзара іс-қимылының келісілуі" түсініледі. Шетелдік сөздер сөздігі ұйымдардың екі мағынасын береді: біріншіден, ұйым-бұл құрылым, құрылғы; екіншіден - қандай да бір ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін біріккен адамдардың, топтардың жиынтығы, еңбек бөлу, міндеттерді бөлу және иерархиялық құрылым негізінде ортақ міндеттерді шешу.

Философия ғылымында "ұйым" ұғымы тұтас бөліктердің арасындағы байланысты қалыптастыру мен жетілдіруге апаратын процестердің жиынтығы ретінде ашылады.

Әлеуметтік процестерге қатысты ұйым "белгілі бір мақсатқа жету үшін кейбір индивидтерді біріктіретін қатынастар жүйесі" ретінде, "жүйе элементтерінің тиісті функцияларын констатациялау арқылы объектіге мақсатты әсер етумен байланысты қызмет немесе процесс ретінде немесе"

элементтерді құрылымға қосу тәсілі ретінде "және оларды басқару дәрежесі, байланыс түрі ретінде анықталады.

Басқарма ұйымдық құрылым шеңберінде басқару процесіне қатысушылардың бірлескен күш-жігерін ұйымдастыратын және үйлестіретін мақсатты қызметті білдіреді. Сондықтан өзара іс-қимылды, ұйымдастыруды және басқаруды олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығын ескере отырып, кешенде қарастыру қажет.

"Ұйым" ұғымына "басқару", "қызмет", "өзара байланыс" және "өзара іс-қимыл" категориялары енгізілген. Бұл көзқарас ең дұрыс болып табылады, оған сәйкес өзара іс-қимыл ор-ганизациялық процестердің өзіндік ерекшелігі немесе сипаты ретінде қарастырылады. Мысалы, К. И. Бурдин өзара іс-қимыл деп белсенді, екі жақты байланыс процесін түсінеді, соның нәтижесінде басқару шешімдерін бірлесіп жасау және орындау жүзеге асырылады.

Ұйымның мәні мен ұғымына бар көзқарастарды талдай отырып, біз келесі тұжырымдарға келеміз:

Біріншіден, ұйым билік-бөлу процестерін, осы қызмет субъектілері арасындағы тұрақты байланыстарды жолға қоюды, іс-әрекеттерді үйлестіруді және өзге де басқару функцияларын қамтитын, белгілі бір бүтін қызметті білдіреді, олардың арасында өзара іс-қимылдың маңызды мәні бар.

Екіншіден, өзара іс-қимылды ұйымдастырудың мәні бірлескен қызметтің белгіленген мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша нақты іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Ю. М. Рашевскийдің қазіргі уақытта әдебиетте өзара іс-қимыл ұғымының біртұтас жалпы қабылданған түсіндірмесі жоқ деген пікірімен келіскен жөн.

Белгілі Ресейлік ғалым П. А. Сорокин: "өзара іс-қимыл әлеуметтік құбылыстың туыстық ұғымы бар: ол соңғылардың үлгісі бола алады. Бұл үлгінің құрылысын зерттей отырып, біз барлық қоғамдық құбылыстардың құрылысын да танимыз. Өзара іс-қимылды құрамдас бөліктерге таратып, біз сол арқылы құрамдас бөліктерге ең күрделі қоғамдық құбылыстарды орналастырамыз" деп нұсқаған болатын.

Өз кезегінде В. И. Пархоменко өзара іс-қимылдың мынадай анықтамасын береді: "өзара іс-қимыл байланыстың тікелей немесе жанама, сыртқы немесе ішкі қарым-қатынасының түрі болып табылады және объективті сипатта болады". Өзара іс-қимылды ол ақпарат алмасуда және келісілген әрекеттерде көрінетін бірлескен жұмыстың объективті сипаты ретінде анықтайды.

А. Н. Калюжный былай дейді: "өзара іс-қимылды қажетті шарт ретінде, жүйенің алдына қойылған міндеттерді шешу құралы ретінде, соңында іскерлік ынтымақтастық ретінде қарастыруға болады". Осыған ұқсас көзқарасты Е. Н. Арестов та ұстанады.

Жекелеген авторлар өзара іс-қимыл табиғаты туралы мәселеге абстрактылы қарайды.

Мысалы, В. И. Тюнина көзқарасқа қызығушылық танытады, оған сәйкес - өзара іс-қимыл объективті қолданыстағы өзара байланыс, тікелей және жанама сипатқа ие бір-біріне әсер етудің белгілі бір жүйесі ретінде қарастырылады. Өзара іс-қимыл өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың түрлі функцияларының неғұрлым орынды үйлесімі ретінде де анықталады. Өзге жағдайларда өзара іс — қимыл туралы Басқарма функцияларының бірі - "үйлестіру" деп айтады.

Отандық ғалымдар өзара іс-қимыл деп бір-біріне бағынышты емес субъектілердің заңға негізделген ынтымақтастығын түсінеді; олар қолданатын құралдар мен тәсілдерді ұштастыра отырып, әрекеттегі келісімді және орынды деп түсінеді .

Осылайша, басқа да "өзара іс-қимылмен" аралас санаттарға назар аударған жөн.

С. И. Ожегов "ынтымақтасу" сөзі "жұмыс істеу, бірге әрекет ету; жалпы іске қатысу" деп анықтайды. Біздің пікірімізше, ынтымақтастықты өзара іс-қимылдың ядросы немесе негізі ретінде қарастыру әбден негізді. Бір-бірімен ынтымақтаса отырып, бірлескен іс-қимыл субъектілері өзара көмек көрсете отырып, өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Өзара іс-қимыл "жәрдемдесу", "келісілген қызмет" немесе "бірлескен қызмет" сияқты ұғымдармен, сондай-ақ "кооперациямен" байланыстырылады және сәйкес келеді. Мысалы, Ю. М: Рашевский-"еңбек кооперациясы" терминін қолданады, бұл-өзара іс-қимылдың ұйымдастыру аспектісіне қолдануға әбден болады. В. жалпы кооперацияны қандай да бір ортақ істе жеке орындаушылардың өзара іс-қимылы ретінде қарастыруға болады.

Өзара іс — қимыл табиғатын қарастыра отырып, Х. И. А. Мухаммад "өзара іс - қимыл-бұл өзара іс-қимылдың бір түрі-қызмет бірлігі, интеракция. Өзара іс-қимыл"оның қатысушыларының өзара іс-қимылы барысында бір-біріне қарама-қарсы бағытталған» дейді.

Философияда өзара қарым-қатынас "сезімдік әлемнің заттары мен процестерінің бірлігін туындататын" қатынас санаты болып табылады. "Өзара іс-қимыл әр түрлі материалдық жүйенің өмір сүруін және құрылымдық ұйымдастырылуын, оның қасиеттерін, оның басқа денелермен қатар, үлкен тәртіп жүйесіне бірігуін анықтайды".

Психологияда өзара іс — қимыл-бұл "объектілердің (субъектілердің) бір-біріне тікелей немесе жанама әсер ету үрдісі, олардың өзара шарттасуын және байланысын бос ететін"; "құрылымдардың пайда болуына ықпал ететін интегралдаушы фактор".

Әлеуметтік өзара іс-қимыл туралы айтқанда, ол индивидтердің және әлеуметтік қауымдастықтардың олардың мүдделерін іске асыру процесінде бір-біріне әсері ретінде айқындалатынын атап өту қажет. Бұл ретте әлеуметтік өзара іс-қимыл қоғам өмірінің барлық салаларын зерттеудің негізі, моделі ретінде көрінеді (экономикалық, саяси, құқықтық және т. б.).

Өз кезегінде, тұлғааралық өзара іс-қимылды екі немесе одан да көп адамның мінез-құлқына және орнатуына белгілі бір әсер ететін психикалық

байланыс ретінде немесе өзара келісілген жеке іс-әрекеттер жүйесі, белгілі бір жағдайларда бірлескен іс-әрекет тәсілі ретінде анықтауға болады.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігі ортақ тапсырмаларды шешу кезінде бір-біріне қолдау ретінде өзара іс-қимылды анықтайды. Өз кезегінде, тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігінде өзара әрекеттесу ұғымы "өзара іс-әрекеттерімен қарым-қатынасы" ретінде түсіндіріледі.

Р. Л. Хачатуров, мысалы, қылмысты тергеуге қатысушылардың өзара іс-қимылы деп, кешенді-жалпы міндеттерді шешуге бағытталған ұйымдастырушылық қатынастардағы дербес субъектілердің бірлескен келісілген қызметі түсініледі. А. В. Крылов: "өзара іс-қимыл-бұл бір-біріне бағынбайтын, ұйымдық дербес және оқшауланған субъектілердің бірыңғай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған келісілген қызметі" деп "өзара іс - қимыл" ұғымының мазмұнын ашады.

